



**СЕВКАЗЭНЕРГО**



Жаңғыртулар  
энергиясы

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП  
**2016**

## ЕСЕП ТУРАЛЫ

---

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ** 2013 жылдан бастап жыл сайынғы тәртіпте Жылдық есебін шығарады. Бұған дейінгі 2015 жылдың есебі 2016 жылғы тамызда жарық көрді.

Бұл есеп **«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ** және оның еншілес компанияларының қызметі туралы ақпаратты ұсынады. Құжат GRI G4 нұсқаулығына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы есепті қамтиды. Әзірлік кезінде электр энергетикасы саласына арналған GRI қосымшасы мен ақпаратты жария етудің негізгі нұсқасы қолданылды. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштер жарияланған кесте «Есептің GRI G4 нұсқаулығына сәйкестік кестесі» бөлімінде орналасқан.



# МАЗМҰНЫ

<b>»» БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ</b>	4	<b>»» КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	38
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	4	Акционерлердің жалпы жиналысы	39
Бас директор үндеуі	6	Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары	39
	8	Ұйымдық құрылым	39
<b>»» НЕГІЗГІ АҚПАРАТ</b>	9	Акционерлік капитал құрылымы	39
2014-2016 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері	9	Дивидендтер туралы ақпарат	40
2016 жылғы басым міндеттерді жүзеге асыру қорытындылары	10	Атқарушы орган	40
Компания рейтингі	11	Директорлар кеңесі	41
Есептік кезеңдегі негізгі оқиғалар мен жетістіктер	12	Директорлар кеңесінің құрамы	41
		Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары	44
		Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары	44
<b>»» КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ</b>	14	Ішкі бақылау және аудит	45
Қызмет профилі	14	Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп	46
Тарихы	15		
Миссия. Көрініс	15		
Компания құрылымы	16	<b>»» ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ</b>	48
Бизнес-модель	16	Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі	49
Қызмет географиясы	17	Ішкі бақылау стандарттары	50
Даму стратегиясы	17	Тәуекелдерді сақтандыру	51
Еншілес ұйымдар	18	Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау	52
<b>»» НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ</b>	20		
Экономикаға шолу	20	<b>»» ТҰРАҚТЫ ДАМУ</b>	54
Энергетика саласына шолу	23	Мүдделі тараптармен өзара қызмет	55
		Экологиялық саясат	56
		Кадрлық және әлеуметтік саясат	62
<b>»» ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ</b>	28	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	69
Өндірісті арттыру	29	Әлеуметтік әріптестік	73
Электр және жылу энергиялары шығындарын төмендету	29	Корпоративтік оқиғалар	73
Энергия үнемдеу	31		
2009-2016 жылғы инвестициялық бағдарлама қорытындылары	31	<b>МАҢЫЗДЫЛЫҚ КАРТАСЫ</b>	74
Процесстерді автоматтандыру	32	<b>ЕСЕПТИҢ GRI G4 НҰСҚАУЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІК КЕСТЕСІ</b>	76
Тұтынушылармен жұмыс	32		
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	33	<b>ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ</b>	82
2017 жылға негізгі мақсаттар мен міндеттер	36	<b>ГЛОССАРИЙ</b>	88
2020 жылға дейінгі инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру перспективалары	37	<b>ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ</b>	89
		<b>БАЙЛАНЫС</b>	90





## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті серіктестер!

2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниясы солтүстік қазақстандық тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға және энергетикалық кешен кәсіпорындарының негізгі қондырғыларының өндірістік көрсеткіштерін көтеруге бағытталған инвестициялық бағдарлама бойынша жоспарланған шараларды орындады. Компанияның басым міндеттері, бұрынғыша, қолданыстағы активтерді жаңғырту, қайта құру, техникалық жарақтандыру және жаңалау болып табылады.

Стансада 2016 жылы жүзеге асырылған ірі жобалар қатарында №5 жаңа турбоагрегатты толық ауыстырудан кейін пайдалануға беру мен №12 қазандық агрегатты ауқымды қайта құрудан кейін іске қосу бар. Жаңа қондырғы стансаның қуатын 62 МВт-қа, бу өнімділігін сағатына 50 тоннаға арттыруға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шекті тарифтер бағдарламасы, Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) несиелік келісімшарты аясында қосымша инвестиция тарту, сондай-ақ, Компанияның өз қаражатын салу аясында Петропавл 2-ЖЭО-нда энергетикалық қондырғыларды кең ауқымды қайта құру шаралары жүзеге асырылып, ол жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жетізуге жол ашты. Жеті жыл ішінде үш турбоагрегат және бір қазандық агрегат толықтай ауыстырылып, сонымен қатар, үш қазандық агрегат қайта құрылды. 2-ЖЭО-н жаңғырту бойынша атқарылған шаралар нәтижесі ретінде станса қондырғыларының тозу деңгейінің 2009 жылғы 89,24%-дан 2016 жылы 59,74%-ға төмендеуін атауға болады.

Компания дамуының маңызды бағыты болып жылу желілерін жаңғырту саналады. 2016 жылы Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ еншілес компаниялары арасында мемлекеттік «Нұрлы Жол»

инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты келісімшартқа қол қойылды. Келісімшартқа сәйкес, Петропавл жылумен қамту жүйесін дамытуға 12,01 млрд теңге бағытталады. Бағдарлама қаражатына есептік жылы жылу магистральдерін алдын ала оқшауланған құбыр желісін қолданып, қайта құру шаралары атқарылды. Петропавл жылумен қамту жүйесін қалпына келтіру бойынша жұмыстар 2018 жылға дейін есептелген инвестициялық бағдарлама аясында жалғасын табады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 2016 жылы Петропавлда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері мен қала тұрғындарына арналған шағын отбасылық жатақхана ашылды. Бұл – қызметкерлерді үздік еңбек және өмір жағдайларымен қамту және қатысу аймағындағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бағдарламасының бір бөлігі болып табылады.

Есептік жыл «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін мерейтойлық жыл болып табылды: Петропавл 2-ЖЭО 55 жыл бұрын электр энергиясының алғашқы киловаттарын өндірген. Жарты ғасырдан астам уақыттан бері станса қызметкерлері алға қойылған міндеттерді абыроймен атқарып келеді. Бүгінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ аймақтағы ең ірі, заманауи компания болып табылады, оның қызметінің басты міндеті – Петропавл мен Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарын тұрақты да сапалы энергиямен қамтамасыз ету.

Болашақта Компания ұжымы, сауатты инвестициялық саясат және дұрыс жолға қойылған әріптестік қатынастар Солтүстік Қазақстан энергетикасын бұдан да ірі жетістіктерге жеткізетініне сенімдімін.

**Еркін Адамияұлы  
ӘМІРХАНОВ,**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы





## БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

### Құрметті серіктестер мен әріптестер!

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2016 жылғы қызметін қорытындылай келе, Компания жоспарланған инвестициялық жобаларды сәтті жүзеге асырып, ағымдағы және күрделі жөндеулерді орындап, қызметтің өндірістік және экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған шараларды атқарғанын атап өткім келеді.

2016-2020 жылдарға қабылданған Даму стратегиясына сәйкес, Компания энергия өндіру, энергоүнемдеу, беру кезіндегі электр және жылу энергиялары шығындарын төмендету бағытындағы, сондай-ақ, мақсаты – өндірістің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту болып табылатын шараларды жүзеге асыруда. 2016 жылы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға 11,078 млрд теңге бағытталды.

2016 жылы Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 турбоагрегат пен №12 қазандық агрегат пайдалануға берілді. Қуаттылығы 95 МВт жаңа турбоагрегат жылына 650 млн кВт•с-тан астам энергия өндіруге мүмкіндік берсе, қуаттылығы сағатына 270 тонна қайта құрылған қазандық агрегат қосымша 5,7 млн кВт•с электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Турбоагрегаттардың жалпы пайдалы әрекет коэффициенті 40,31%-ды құраса, қазандық агрегаттардікі – 89,56%. Қондырғыларды жаңғырту Петропавл 2-ЖЭО-на стансаның бүкіл тарихындағы рекордты электр қуаттылығы – 541 МВт-қа қол жеткізуге мүмкіндік беріп, электр энергиясы өндірісінің жоғарғы шекті көлемін 3 208 млн кВт•с-қа жеткізді.

Компания қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жылумен қамту жүйелерін жаңғырту болып табылады. 2016 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ), Қазақстан Респуб-

ликасы Ұлттық экономика министрлігі және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бір бөлігі болып табылатын «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ арасында қол қойылған мемлекеттік «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясындағы жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты келісімшарт аясындағы жобаларды жүзеге асыруға кірісті. Жүзеге асырылған шаралар қатарында Гашек көшесі бойында №5 жылу магистралі құбыр желісін қайта құру, сондай-ақ, Егемен Қазақстан көшесі бойындағы №2 жылу магистралінің құбыр желісін құру жұмыстарын атауға болады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ есептік жылы электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін енгізуді жалғастырды, ол энергия үнемдеу бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. 2009-2016 жылдар аралығында Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында жүйеге 24 210 абонент қосылды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ дамуының маңызды факторы – Петропавл 2-ЖЭО 55 жылдығы мен Энергетика күнін мерекелеу шеңберінде 2016 жылғы 22 желтоқсанда Компания қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі болып табылады. Жоба «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен облыс әкімдігінің мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында жүзеге асты.

2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тұрғындардың өмір сапасын арттыру мен Солтүстік Қазақстан облысының экономикалық дамуына жағдай жасау бойынша өз миссиясын орындау мақсатында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жұмыстарын жалғастырады.

**Леонид Викторович  
ЛАРИЧЕВ,**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Бас директоры

# НЕГІЗГІ АҚПАРАТ



Петропавл 2-ЖЭО



Солтүстік Қазақстан облысындағы электр энергиясын беруші компания




Петропавлдағы жылу энергиясын беруші компания



Петропавлдағы өткізуші компания

**2581**  
 қызметкер

 Орнатылған электр қуаты  
**541 МВт**

 Орнатылған жылу қуаты  
**713 Гкал/с**

## Петропавл 2-ЖЭО негізгі өндірістік сипаттамалары

Орнатылған қуат	2009 жылдан бері жаңаланған қондырғылар, %	Құрылған жылы
541 МВт 713 Гкал/с	49,7	1961

## Шағын стансалардың типі бойынша саны

Шағын стансалар типі	Саны
220 кВ	-
110 кВ	38
35 кВ	121
6-10 кВ	2 278
<b>Барлығы</b>	<b>2 437</b>

## Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типі	Ұзындығы, км
220 кВ	84,8
110 кВ	1 327,2
35 кВ	2 852,6
6-10 кВ	4 538,2
0,4 кВ	4 566,4
<b>Барлығы</b>	<b>13 369,2</b>

## Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Петропавл жылу желілері» ЖШС	233,5
-------------------------------	-------




## Өңірлер бойынша тұтынушылардың саны

Электр энергиясы	Жылу энергиясы
162 029	71 230





### 2014-2016 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



## 2016 ЖЫЛҒЫ БАСЫМ МІНДЕТТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

**2016-2020 жылғы Даму стратегиясына сәйкес, Компания үш бағыт бойынша Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруды жалғастырды: өндірісті арттыру; беру кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын азайтуды қоса алғанда энергия үнемдеу; өндірістің экологиялық көрсеткіштерін жақсарту. 2016 жылы инвестициялық бағдарламаның жалпы сомасы 11,078 млрд теңгені құрады.**

### ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

- Жоспарға сәйкес, 2016 жылғы желтоқсанда «СЕВ-КАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда толықтай жаңғыртудан кейін №5 турбоагрегат пайдалануға берілді. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде стансаның орнатылған электр қуаты 541 МВт құрады. Жаңа турбоагрегатты пайдалануға беру станса жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырып, өндіріс қондырғыларының тозуын 2,74%-ға азайтты.
- Сондай-ақ, бу өнімділігі сағатына 50 тоннаға артырылып, №12 БКЗ-220-100-4 (Е-270) қазандық агрегаты қайта құрылды. Бұл шара қазандық агрегат пен стансаның сенімділігі мен үнемділігін арттыруға және қазандық агрегаттың ПӘК-ін 89,12%-дан 91,3%-ға көтеруге мүмкіндік берді.


### ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІ НЫСАНДАРЫН ҚАЙТА ҚҰРУ

Инвестициялық бағдарлама шараларының қатарында қысым класы 10-0,4 кВ 61,69 км әуе және кабельді электр беру желілерін қайта құру жобасы жүзеге асырылды. Жүзеге асырылған жобалар арасында Петропавл қаласында және Қызылжар ауылының Бескөл ауылында 37,04 км 0,4 кВ әуе желісін «жалаңаш» сымды 4-ӨОС (өздігінен берілетін оқшаулағыш сым) маркалы өткізгішке ауыстырып қайта құру, сондай-ақ, Петропавл қаласында төменгі деңгейлі 932 ЭКЕАЖ (электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі) есеп нүктесін және облыстың шағын стансаларында жоғарғы деңгейлі 102 ЭКЕАЖ есеп нүктесін орнату бар.

### ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІН ҚАЙТА ҚҰРУ

2016 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі несиесі, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік субсидиясы есебінен инвестициялық бағдарлама аясында 3,65 км құбыр желісі қайта құрылды. Сондай-ақ, 0,71 км құбыр желісінің жылу оқшаулағышы қалпына келтірілді.

2011 жылы қол қойылған ЕҚДБ қарызы аясындағы жұмыстар 2016 жылы жалғасын тапты. Инвестициялық жоба мақсаты жылу энергиясын тасымалдау кезіндегі шығындарды төмендету есебінен жылу энергиясын пайдалану тиімділігін арттыру, экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және тұтынушыларға қызмет көрсету сенімділігі мен сапасын арттыру болып табылады. Есептік жылы жалпы ұзындығы 0,84 км, ТП-40бс-тен Я.Гашек көшесіне дейінгі ТМ Ду 700, 2 Ду 800 мм құбыр желісінің жылу оқшаулағышын қалпына келтіру жұмыстары атқарылды.



Қайта құрылған жылу желілері / км

3,65

Петропавл





## КОМПАНИЯ РЕЙТИНГІ

### «СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС ЖОБАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Көрсетілетін қызметтер бойынша тұтынушылармен жұмыс сапасын арттыру мақсатында өткізу құрылымдарын реформалау және «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсетуге негізделген кешенді ұйымдық шаралар өткізілді:

- энергия түрлері бойынша автоматтандырылған мәліметтер қоры жүйелі түрде жетілдірілуде;
- жеке тұтынушы деңгейінде электр энергиясын тұтынуды басқару енгізілді;
- төлем түсімдеріне оперативті талдау ұйымдастырылды;
- әрбір тұтынушы бойынша қарызды бақылау орнатылды;
- бірыңғай ақпараттық есеп орталығының аясында бірыңғай төлем құжаты ретінде шот-квитанцияға есеп қызметін қоса отырып, кондоминиум нысандарына қызмет көрсету ақысын қабылдау ұйымдастырылды;
- төлем қабылдау пункттерінің желісі қайта құрылды;

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2016 жылы ISO 9001 (Сапаны басқару жүйесі) менеджмент жүйесін ендіру бойынша жұмыстар жалғасын тапты.

**Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі 2016 жылы 27 шілдеде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на ұлттық және шетелдік валютада ұзақмерзімді дефолт рейтингін «В+» деңгейінде берді. Рейтинг бойынша болжам «Тұрақты».**

### РЕЙТИНГТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ:

- Ұлттық және шетелдік валютадағы ұзақмерзімді РДЭ «BB-» деңгейінен «В+» деңгейіне төмендетілді, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг «BBB+(kaz)» деңгейінен «BBB(kaz)» деңгейіне төмендетілді, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық валютадағы басым қамтамасыз етілмеген рейтинг «BB-» деңгейінен «В+» деңгейіне төмендетілді/активтердің қайтарымдылық рейтингі «RR4» деңгейінде.

Соңғы тұтынушылар топтары бойынша электр энергиясын беру қызметі көлемінің құрылымы

Халық	37%
Өнеркәсіп тұтынушылары	26%
Шағын және орта бизнес секторы	16%
Бюджеттік ұйымдар	13%
Индустриалды-аграрлы сектор	6%
Интер РАО ЕЭС	2%



## ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР

### СӘУІР

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің отырысы өтіп, онда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу басымдықтары, ресурстары және олардың реттілігін айқындайтын 2016-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы қабылданды.

### МАУСЫМ

PROFENERGY жобасы аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл студенттері арасында ғылыми жұмыстар байқауын қорытындылады. Байқаудың екі жеңімпазына «Петропавл жылу желілері» ЖШС және «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның атаулы стипендиялары тапсырылды.

### ШІЛДЕ

Халықаралық Fitch Ratings рейтинг агенттігі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на ұлттық және шетелдік валютада ұзақмерзімді дефолт рейтингін «В+» деңгейінде берді. Рейтинг бойынша болжам «Тұрақты».

### ҚАЗАН

Петропавл қаласында жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты келісімшартқа қол қойылды. Келісімшарт Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) арасында мемлекеттік «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту бағдарламасы аясында жасалды. Бұл бағдарлама бойынша Петропавл жылумен қамту жүйесін дамытуға 12,01 млрд теңге бағытталды.





## ҚАРАША

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ эмитентінің қатысуымен қысқамерзімді облигациялар шығарылды. Бұл құрал Қазақстандық қор биржасында листинг тәжірибесі бар және бағалы қағаздары биржаның ресми тізімінде орналасқан компаниялардың қысқамерзімді облигацияларына арналған «Коммерциялық облигациялар» секторындағы бірінші тәжірибе болды.

## ЖЕЛТОҚСАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда Т95/105-8,8 типті №5 жаңа турбоагрегат пайдалануға берілді. Ол жыл ішінде 650 млн кВт·с-тан астам электр энергиясын өндіреді. Жаңа турбоагрегат стансаның орнатылған қуатын 62 МВт-қа, иеліктегі қуатын 95 МВт-қа арттырды. Станса энергетикалық қондырғысының қуаттылығы турбоагрегатты іске қосқаннан кейін 541 МВт құрады.

2016 жылы №12 БКЗ-220-100-4 (Е-270) қазандық агрегаты бу өнімділігі сағатына 50 тоннаға арттырылып, қайта құрылды. Бұл қазандық агрегат пен станса жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырып, қазандық агрегат ПӘК-ін 89,12%-дан 91,3%-ға көтеруге мүмкіндік берді.

2016 жылғы 22 желтоқсанда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-на 55 жыл толды. Петропавл 2-ЖЭО жарты ғасырдан астам уақыт бойы Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) халқын электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етіп, жылдан-жылға өндірістік қуаттылықтарын арттырып келеді.

Энергетик күні мен 2-ПЖЭО 55 жылдығына орай, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жобасын жүзеге асыру арқасында тұрғынүйі жоқ қызметкерлерді ведомстволық баспанамен қамтамасыз ету мәселесі жартылай шешіліп, Компанияға лайықты мамандарды тартуға жол ашылды.



# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ

---

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын өндіретін, тасымалдайтын және өткізетін кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Компания жетекші әлемдік тәжірибелерді белсенді түрде енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізеді.





## ТАРИХЫ

- 2009** Қайта құру нәтижесінде акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық формасындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы құрылды және ол «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.
- 2007** Өңірдің энергетикалық кешенінің иесі – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ («ОАОЭК» АҚ) болды, кейін ол «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) акционерлер құрамына кірді.
- 1999** Солтүстік Қазақстан облысы әділет органдарында «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС тіркелді.
- 1965** 2-ЖЭО жылу желілері цехінің базасында «Целинэнерго» Петропавл жылу желілері басқармасы (ЖЖБ) құрылды.
- 1963** «Целинэнерго» АБ бұйрығы бойынша «Петропавл электр желілері кәсіпорны» құрылды.
- 1961** Петропавл 2-ЖЭО пайдалануға берілді.

## МИССИЯ

**Компанияның міндеті** – Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

**Көрсетілетін қызмет сапасын** қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.

**Тиімділіктің негізі** – Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.

## КӨРІНІС


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысындағы жалғыз энергетикалық компания. Оның қызметі өндірілетін жылу және электр энергиясының барлық өмірлік циклін қамтиды: өндіріс, тасымал және өткізу. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ вертикалды түрде біріктірілген «Орталық Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады.

Компанияның клиенттермен және жеткізушілермен серіктестік негізінде қатынастарының құрметпен өзара жауапкершілік жатыр. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізуге қажетті ресурс – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері, олар – жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге ұмтылатын ниеттестер командасы.

## КОМПАНИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ



## БИЗНЕС-МОДЕЛЬ








## ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2016 жылы 2016-2020 жылдарға арналған ұзақмерзімді корпоративті Стратегияны жүзеге асыру бекітілді. Құжат бизнестің дамуының, басқару жобалары мен технологияларының негізгі бағыттарын айқындайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты — аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету

үшін Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл ретте Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және әлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.

**Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания келесі міндеттерді жүзеге асырады:**

өндірістің техникалық деңгейін арттыру, апаттылық тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау мақсатында жабдықтарды жаңғырту;

энергияны өндірген және берген кезде энергияны үнемдейтін және энергиялық тұрғыдан тиімді болатын технологияларды өндіру;

жылу және электр энергиясының бірліктерін өндіруге жұмсалатын үлестік шығыстарды барынша азайту;

экология саласындағы халықаралық, республикалық және ішкі салалық нормативтік және заңнамалық құжаттардың талаптарына сәйкес келу;

қызметкерлердің денсаулығын қорғауға, өнеркәсіптік қауіпсіздікке және жарақаттану деңгейін төмендетуге қойылатын талаптарды күшейту;

қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту;

кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесін өндіру.

## ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясы вертикалды түрде біріктірілген құрылымға ие, оған Солтүстік Қазақстан облысының өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындары кіреді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясының құрамына келесі кәсіпорындар енеді:

- Петропавл 2-ЖЭО;

- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қаласының электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

### ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. 2016 жылдың соңында стансаның орнатылған қуаты электр энергиясы бойынша 541 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал•с-ты құрайды, иеліктегі қуат электр энергиясы бойынша 539 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал•с-ты құрайды.

Станса келесі цехтерден тұрады: отын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цехтер. Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі стансасы, жөндеу-құрылыс учаскесі.

КСН маркалы Екібастұз бассейнінің көмірі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнында пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, ал тұтандыру отыны ретінде М-100 маркалы мазут қолданылады.



### «СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ТАРАТУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «СҚ ЭТК» АҚ) энергоберуші ұйым болып табылады және өз қызметін табиғи монополиялар саласында жүргізіп, электр энергиясын электр желілері арқылы беру мен тарату қызметтерін реттейді. Қызмет көрсететін аумағы – 45 мың км<sup>2</sup>, елді мекендер саны – 395, оның ішінде 4 қала.

Компания Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік бөлігінде орналасқан және акционерлік қоғамның балансына жататын қысымы 0,4/220 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді.

«СҚ ЭТК» АҚ құрамына 8 электр желілік аудан, оның ішінде 4 ЖӨБ, Магистральді желілер мен шағын стансалардың оңтүстік учаскесі (МЖМШСОУ), Қалалық электр желілері басқармасы (ҚЭЖБ) кіреді, бұл Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы аумағының ауылдық әкімшілік аудандарының санына сәйкес келеді.

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның Петропавл 2-ЖЭО-да өндірілетін электрэнергияны Солтүстік-Қазақстан облысы, Оңтүстік-Орал темір жолы және Ресей Федерациясы тұтынушыларына беру және үлестіруді қамтамасыз етеді.

«СҚ ЭТК» АҚ электр желілеріне Солтүстік Қазақстан облысының көптеген кәсіпорындары қосылған,

тұтынушылардың жалпы саны 154 764 адамды құрайды.

«СҚ ЭТК» АҚ тұтынушыларының қызметтерге қол жетімділік деңгейін арттыру мақсатында 2012 жылы қыркүйекте Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы ашылды, мұнда төмендегі қызмет түрлері көрсетіледі:

- Жер учаскелері мен сервитуттарды мақұлдау;
- Электр және жылумен қамтуға қосылу үшін техникалық шарттарды беру;
- Электр желісіне қосу/ажырату;
- Есептегіштерді пломбалау;
- Өзге консультативті-оперативті қызметтер.





### «ПЕТРОПАВЛ ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ» ЖШС

«Петропавл жылу желілері» ЖШС (бұдан әрі – «ПЖЖ» ЖШС) негізгі қызметі – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілетін жылу энергиясын беру мен тарату, жылу желілерін техникалық дұрыс жағдайда ұстап тұру, Петропавл қаласын тұрақты жылумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан бөлек, кәсіпорын қаланың магистральді және тарату желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізіп, жылумен қамту сапасының заманауи талаптарына жауап беретін жаңа энерготімді технологияларды іздеу мен енгізуді үздіксіз жүзеге асырады.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС балансындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 233,503 км құрайды, оның ішінде тарату желілерінің ұзындығы – 148,834 км, ал магистральді желілердің ұзындығы – 84,669 км.

2017 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылу желілері жабдықтарының тозу деңгейі 71,87% құраса, оның ішінде магистральді жылу желілері бойынша – 83,17%, тарату желілері бойынша – 58,53%.

Кәсіпорын балансында 52 сорғы стансасы бар, оның 5-уі магистральді және 46-сы абоненттік стансалар және ОЖТП (Орталық жылу тарату пункті) бар.

Сорғы стансаларының жалпы орнатылған (жобалық) қуаты, жылу пункттерін қоса алғанда, 12 202,9 кВт•с құрайды.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу энергиясын беру мен таратуға арналған қондырғыларды пайдалану мен техникалық қызмет көрсету, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтері бар.



### «СЕВКАЗЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына жасалған келісімшарттар негізінде электр және жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым.

Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде әрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 162 029 адамды және жылу энергиясы бойынша 71 230 адамды құрады.

Облыс орталығында тұрғындарға қызмет көрсететін, төлемдерді қабылдаумен айналысатын 3 сервистік пункт,

облыстың аудандық орталықтарында 12 пункт жұмыс істейді. Банктермен төлемдерді қабылдау жөнінде, сондай-ақ, 10 банктің терминалдары мен интернет-порталдары арқылы қызмет көрсету жөнінде шарттар жасалды. 2013 жылдың желтоқсанынан бастап тұтынушыларға қызмет көрсететін «Сервис орталығы» жұмыс істейді. Жаңа заманауи орталық компания клиенттеріне қызмет көрсету сапасы мен оперативтілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Абоненттердің арасында энергияны үнемдеу идеясын насихаттау мақсатында «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынылатын электр энергиясы бойынша тәулікті тарифтік аймақтау жүйесін іске асырады және тұрғындарға энергияны есепке алу аспаптарын орнату қажеттілігі туралы түсіндіруге бағытталған кең ауқымды жұмыстар жүргізеді.

Орташа босату тарифтері	1.01.2013	1.10.2013	1.07.2014	1.07.2015	1.01.2016	5.10.2016
Жылу энергиясы (ҚҚС/ Гкал қоса алғанда теңге)	3 096,02	3 374,54	3 364,13	3 374,54	3 890,56	3 907,18
Электр энергиясы (ҚҚС/ кВт•с қоса алғанда теңге)	11,272	12,557	13,824	13,779	13,858	14,62

# НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

## ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ


2016 жыл қорытындысы бойынша, Қазақстан экономикасы өткен жылғы 1,9%-бен салыстырғанда, 1,0% өсім көрсетті, бұл есептік кезең үшін посткеңестік кеңістіктегі үздік көрсеткіштердің бірі болып табылады. ЖІӨ-нің баяулауы мұнай шикізатын өндірудің физикалық көлемінің төмендеуімен (79,5 млн тоннадан 78,0 млн тоннаға -1,8%), сондай-ақ, жыл басындағы мұнайдың төмен бағасының экономикаға негативті мультипликативті ықпалымен байланысты: U.S. EIA мәліметі бойынша, 2016 жылғы қаңтарда Brent маркалы мұнайдың баррелі орташа есеппен 30,70 АҚШ долларына саудаланса, желтоқсанда мұнай 53,29 АҚШ долларына қымбаттады (+73,6%).






Қазақстан және жекелеген посткеңестік елдердің 2016 жылғы ЖІӨ динамикасы, %

Дереккөз: елдердің статистиктерінің мәліметтері



Жалпы өнеркәсіптегі және электр энергетикасындағы өндіріс динамикасы, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық министрлігі Статистика жөніндегі комитеті



● өнеркәсіп ● электр энергетикасы

ЖІӨ құрылымындағы 1,3%-дық айтарлықтай өсімді нақты сектор көрсетті. Нақты сектордың алға озушы динамикасы ЖІӨ құрылымындағы өз үлесінің 35,5-тен 36,0%-ға сәл өсімін қамтамасыз етті. Қызмет көрсету секторы 59,4-тен 57,9%-ға азайды.

Нақты сектор ішінде ең үздік көрсеткіштер құрылыс және ауыл шаруашылығы секторларына тән, сәйкесінше өсім 7,9% және 5,5%-ды құрайды. Жыл қорытындысы бойынша, Қазақстан өнеркәсібі өндірісті 1,1%-ға төмендетті. Мұнай өндірудің төмендеуі, сондай-ақ, тас көмірдің 4,6%-ға және темір рудасының 12,9%-ға төмендеуінен тау-кен өнеркәсібінің 2,7%-ға төмендеуі байқалады. Metallургияның 6,6%-ға (оның ішінде түсті metallургия 8,5%-ға, қара metallургия 3,3%-ға), мұнай өңдеудің 0,6%-ға, тамақ өнеркәсібінің 3,9%-ға және фармацевтиканың 2,5%-ға артуы арқасында өңдеу өнеркәсібі 0,7%-ға өсті. Өңдеу өнеркәсібінің өзге энергоауқымды салалары – химия және құрылыс өнеркәсіптері сәйкесінше 2,2% және 4,7%-ға төмендеді.

Энергетикалық сектор (энергоқамту, газ бен бу беру, ауа кондиционерлеу) өткен жылғы төмендеуден кейін 0,4%-дық сәл өсім көрсетті. Сектор үшін жылдың позитивті қорытындысының негізгі себебі – электр энергетикасындағы позитивті динамика болып табылады, мұндағы өндіріс көлемі 0,7%-ға артты. Газ пішінді отынды өндіру және тарату 0,3%-ға артса, бу беру мен кондиционерлеу 0,1%-ға төмендеді.

Сумен қамту саласындағы өндіріс көлемі бірнеше жылдан бері қысқарып келеді. Бұл жылы теріс мән 4,6%-ға жетті.


Ұзаған жылы Қазақстан экономикасының инвестициялық белсенділігі өсуін жалғастырды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өсімі 5,1% (2015 жылы – 3,7%) құрады. Инвестициялардың басты көзі – бұрынғыша компанияның өзіндік қаражаты болып табылады, ол барлық капитал салымының 60,7%-ын құрайды. Инвестициялардың үштен бірінен басым бөлігі (35,7%) тау-кен өндірісі секторына тиесілі. Энергосекторға Республика бойынша инвестициялардың жалпы көлемінен 6,0% инвестицияланды.

АҚША-КРЕДИТТІК САЯСАТ

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің (ҚРҰБ) ақша-кредиттік саясаты баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін Ұлттық банк 2015 жылғы 20 тамызда еркін айналым курсына қатысты валюталық саясатын инфляциялық таргеттеуге ауыстырды. Елдің негізгі экспорттық тауары болып табылатын мұнай шикізаты бағасының әлсіреуімен бірге ұлттық валюта – теңгенің құны 2015 жылғы тамыз – 2016 жылғы қаңтар аралығында 79,7%-ға төмендесе, АҚШ долларының құны 203,62 теңге/АҚШ долларынан 365,83 теңге/АҚШ долларына жоғарылады. 2016 жыл ішінде теңге құны мұнай бағасының қалпына келуіне орай, көтеріліп отырды. 12 ай қорытындысы бойынша өсім – 8,8%: Ұлттық банк мәліметінше, орташа айналым курсы 333,73 теңге/АҚШ долларын құрады. 2017 жылы теңге құнының өсуі жалғасын тапты.


ҚР Ұлттық банкінің базалық мөлшерлемесінің (БМ) мөлшері мен шегі, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



**Банк кредиттері бойынша банктік емес заңды тұлғалар мөлшерлемелерінің орташа мәні, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі



Инфляциялық таргеттеудің маңызды элементтерінің бірі – банктердің кредиттік белсенділігіне ықпал ету үшін монетарлық құралдарды қолдану тәжірибесіне қайта оралу болды, оның ішінде базалық мөлшерлемеге жақын банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатымен өтімділікті беру және тартып алу ашық нарығының операциялары бар.

2016 жыл ішінде Ұлттық банк базалық мөлшерлемесін 5 рет қайта қарады: 1 рет көтеру бағытында (ақпанда 16-дан 17%-ға), 4 рет төмендету бағытында (мамырда, шілдеде, қазанда, желтоқсанда). 2016 жылғы қаңтарда базалық мөлшерлеме 16,0% деңгейінде (төменгі шегі 15,0% және жоғарғы шегі – 17,0%) болса, желтоқсанда 12,0% деңгейінде (төменгі шегі 11,0% және жоғарғы шегі – 13,0%) болды.

Екінші деңгейлі банктердің жалпы кредиттік белсенділігі 2016 жылы төмен болды. Екінші деңгейлі банктердің қарыздық портфелі жыл ішінде 2016 жылғы 1 қаңтардағы 15 553 млрд теңгеден 2017 жылғы 1 қаңтардағы 15 303 млрд теңгеге – 1,6%-ға төмендеді. Міндеттемелер құрылымындағы шетелдік валютадағы кредиттер үлесі өзгеріске ұшырамады (33,7 және 32,6%). Бұл ретте банктік емес заңды тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер мөлшерлемесі бір жылда 16,0-ден 14,4%-ға төмендеді. Экономикаға шетелдік валютада салынған кредиттер бойынша мөлшерлеме де 7,4-тен 6,5%-ға төмендеді.


**ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НАРЫҚ**

Есептік жыл тұтынушылық нарықтар үшін ауыр жыл болды. Көтерме және бөлшек сауданың физикалық көлемі 1,4%-ға қысқарды. Бөлшек тауар айналымы 2015 жылғы 0,4% төмендеуден кейін 0,9%-ға өсті.

2016 жылғы желтоқсан қорытындысы бойынша, инфляция 8,5% құраса, сауда бағасы 9,7%-ға, сауда емес тауарлар бағасы 9,5%-ға өсіп, ақылы қызметтер 6,1%-ға қымбаттады. Тұрғын үй қызметтері, су, электр энергиясы, газ және өзге де отын түрлерінің бағасы 6,9%-ға


**ҚР-ндағы инфляция динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



**Бөлшек сауда және халықтың нақты табыстарының динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



көтерілді. (Ұлттық банктің 2016-2017 жылғы мақсаты – жылдық инфляция дәлізін 6-8% аралығында ұстап тұру. 2020 жылға қарай Ұлттық банк 3-4% деңгейіне ұмтылатын болады).

Нәтижесінде халықтың нақты табыстары жыл ішінде төмендеуін жалғастырды. Төмендеудің жылдық мәні 4,5% құрады (2015 жылы көрсеткіш 1,4%-ға өсті). Нақты табыстардың төмендеуі 2017 жыл ішінде тұтынушылық нарықтарға қысым көрсетеді. Эластикалық емес тауарлар мен қызметтер (сауда, коммуналдық қызметтер) бағасының өсу жағдайында тұтынушылар ұзақмерзімді пайдалану тауарларын сатып алуды кейінге қалдыруды жалғастырады.

**2017 ЖЫЛҒА БОЛЖАМ**

Сарапшылардың пікірінше, 2017 жыл Қазақстан Республикасы экономикасының дағдарыстан кейінгі



қалпына келуінің бірінші жылы болмақ. Халықаралық валюталық қордың (ХВҚ) 2017 жылғы ақпанда жасаған болжамына сәйкес, жыл қорытындысы бойынша Қазақстан ЖІӨ 2,5%-ға өседі. Экономика өсу қарқынының жеделдеуін ХВҚ мамандары құрылымдық реформалармен, «100 нақты қадам» бағдарламасы аясында атқарылған шаралардың нәтижелерімен байланыстырады.

2016 жылғы қарашада Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі (ЕҚДБ) Қазақстан ЖІӨ-нің өсімін 2,4% деңгейінде болжады. ЕҚДБ сарапшылары өсімге шетелдік инвесторлардың сенімінің оралуы, айналым курсының тұрақтануы, сондай-ақ, шикізат бағасының қолайлы конъюнктурасы негіз болады деп санайды.

2017 жылға байсалдырақ болжамды ҚР Ұлттық экономика министрлігі ұсынды. Болжам бойынша, ЖІӨ 2,0%-ды құраса, оған тау-кен өндіруші сектордағы (3,6%), сондай-ақ, өңдеу өнеркәсібінің азық-түлік өндірісі (3,2%); машина жасау (13,0%); ауыл шаруашылығы (2,5%); құрылыс (2,6%); транспорт (4,0%) секторларындағы динамика негіз болады.

### ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ

Қазақстан экономикасы жоғары энергосыйымдылығымен ерекшеленеді. Ол экономиканың нақты секторының, атап айтқанда, мұнай және газ, көмір, металл рудалары өндірісі, металлургия, мұнай өңдеу сынды энергосыйымдылығы зор өнеркәсіп салаларының үлкен үлесімен байланысты. Өндірілетін электр энергиясының үштен екіге жуығын ірі өнеркәсіп кәсіпорындары тұтынады.

Қазақстан қоңыржай климаттық белдеуде орналасқан, ел аймақтарының көпшілігіне орташа температурасы -0,7 °C (Шымкент қаласы) және -18,6 °C (Петропавл қаласы) аралығындағы ұзақ қыс тән. Елдің көпшілік қалалары орталықтандырылған жылумен қамту (ОЖҚ) жүйесі арқылы жылумен қамтамасыз етіледі. Аталған сипаттамалардың бәрі Қазақстан энергетикасының ел экономикасының стратегиялық саласы екенін айшықтай түседі.


### ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

ҚР бірыңғай электр желілері жүйелік операторы – «КЕГОС» АҚ ұлттық компаниясының мәліметінше, елде электр энергиясын түрлі меншік формасындағы 118 электр стансасы өндіреді. Қазақстан электр стансаларының жиынтық орнатылған электр қуаты 01.01.2017 жылғы жағдай бойынша, 22 055 МВт құраса, иеліктегі қуат – 18 789 МВт құрайды.

Өндіріс сегментінің негізін жылу электр стансалары (көмір және газотурбиналық ЖЭС) құрайды. Соңғы жылдары олар электр энергиясының 88-90%-ын өндірсе, оның ішінде газотурбиналық ЖЭС үлесі – 8% шамасында. Орташа және үлкен қуаттылықты гидроэлектр стансалары 10-12% электр энергиясын өндіреді. Қазіргі таңда Қазақстанда жаңартылатын электр энергиясының көздері (шағын ГЭС, жел электр стансалары (ЖелЭС), күн электр стансалары (КЭС) және биоэлектр стансалары) белсенді түрде дамытылуда.

ҚР-да электр энергиясын өндіру және электр энергиясы ағынының сальдосы, млрд кВт•с

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті, ЭҚНҚО



Әзірге энергияның бұл түрінің ел энергобалансындағы үлесі – 1% (Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің (ҚР ҰЭМ СК) мәліметінше, 2016 жыл қорытындысы бойынша – 0,98%).

Электр энергиясын өндіру мен тұтынудың шарықтау шегі күзгі-қысқы мезгілге сәйкес келеді. Өндірістің ең төменгі орташа айлық көлемі маусым мен шілдеде байқалса, ең жоғарғы көлемі желтоқсан мен қаңтарда байқалады. Электр энергиясының 70%-ға жуығы төрт облыста – Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды және Алматы облыстарында өндірілсе, қалған 10 облыстың үлесіне 30% тиесілі.

КЕГОС мәліметтеріне сәйкес, 2016 жылы Қазақстанда 94,08 млрд кВт•с электр энергиясы өндірілді, бұл 2015 жылғы нәтижеден 3,6% жоғары. Айлық мәнге салғанда, жыл төмендеуден басталып, оң динамика сәуір-желтоқсан аралығында байқалды: егер қаңтарда өндіріс 2015 жылғы сәйкес аймен салыстырғанда, 3,1%-ға төмендесе, сәуірде 2,3%-ға, қазанда 9,9%-ға өсті. Мұнымен бірге 2016 жылы Қазақстан электр энергетикасының өндіруші сегменті 2014 жылғы жоғарғы көрсеткішін қайталай алмады.


Елдің ірі энергия өндіруші кәсіпорындарында электр энергиясын өндіру, млрд кВт•с

Дереккөз: ЭҚНҚО



**ҚР-ндағы электр энергиясының айларға шаққандағы өндірісі, млрд кВт•с**

Дереккөз: ЭҚНҚО



Өндірістің жалпы өсіміне қарамастан, елдің ірі энергия өндіруші кәсіпорындары үшін жыл ауыр болды. Өндіріс сегментінің үш лидері – «ЕЭК» АҚ (ERG құрамына кіреді), Екібастұз 1-МАЭС («Самұрық-Энерго» АҚ холдингінің еншілес компаниясы) және «Қазақмыс Энерджи» ЖШС МАЭС 2015 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемін төмендетті. Өндіріс көлемінің айтарлықтай өсімі «ПАВ-ЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Қарағанды-Энергоорталық» ЖШС және Екібастұз 2-МАЭС-те тіркелді.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚАМТУ**

Электр энергиясын беру шағын стансалар, кернеуі 0,4-1150 кВ электр тарту және беру желілерінің жиынтығынан тұратын электр желілері арқылы жүзеге асырылады.

ҚР БЭЖ-дегі жүйеқұраушы желі қызметін бірыңғай энергожүйені шектесуші елдердің жүйелерімен жалғайтын, сондай-ақ, аймақаралық транзит пен ел ішіндегі көтерме тұтынушыларға электр энергиясын беруді қамтамасыз ететін ұлттық электр желілері атқарады. Кернеуі 220 кВ және одан жоғары электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр желілері ұлттық электр желілері құрамына кіреді және «KEGOC» АҚ балансына жатады. «KEGOC» АҚ иелігінде барлығы 25 мың км-ден астам электр желілері бар, олармен орташа есеппен елдің электр стансаарында өндірілетін электр энергиясының 40%-ы беріледі.

Облыстар деңгейінде аймақтық электр желілік компаниялары (АЭК) қызмет етеді, олар аймақтар ішінде электр байланысын, бөлшек тұтынушыларға электр энергиясын беруді қамтамасыз етеді.

Энергоқамтушы ұйымдар (энергия өткізушілер) электр энергиясын энергоөндіруші кәсіпорындардан алып, бекітілген тарифтер бойынша бөлшек тұтынушыларға өткізеді.

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ ҚҰРЫЛЫМЫ**


«KEGOC» АҚ мәліметінше, Қазақстанда электр энергиясын тұтыну 2016 жыл қорытындысы бойынша, 1,6%-ға өсіп, 92,31 млрд кВт•с құрады. ҚР-дағы басты тұтынушылар ірі тау-металлургиялық, мұнай өңдеуші және химиялық кәсіпорындар, сондай-ақ, Ұлттық теміржол тасымалдаушысы: Ақсу ферроқорытпа зауыты, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ, «Қазцинк» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ және басқалар болып табылады. ЭҚНҚО есептілігінде көрсетілген 16 ірі кәсіпорынға электр энергиясын тұтынудың орташа есеппен 35-40%-ы тиесілі.

Ірі металлургиялық компаниялардың басым бөлігі елдің солтүстік, орталық және шығыс бөліктерінде орналасқандықтан, тұтыну құрылымында Қазақстан БЭЖ-нің солтүстік аумағы 2/3 (2016 жыл қорытындысы бойынша – 67,0%) құрайды. Оңтүстік және Батыс аумақтардың үлесі – 20,5 және 12,5%. Бұл ретте электр энергиясын тұтыну динамикасына маусымдық фактор да айтарлықтай ықпал ететінін атап өту қажет. Қысқы үш айда жылдық көлемнің 28,0%-ы, үш жазғы айда 22,7%-ы тұтынылады (2016 жыл мәліметтері).

2016 жылы Қазақстан өзіне электр энергиясының нетто-экспортері позициясын қайтарды, ауысым сальдосы соңғы 7 жылда үшінші рет теріс мән аумағында болды: 2013 жылы электр энергиясының таза экспорты 2,33 млрд кВт•с, 2014 жылы 2,27 млрд кВт•с, 2016 жылы 1,76 млрд кВт•с құрады.

**Электр энергиясын тұтынудың өңірлік құрылымы, %**

Дереккөз: ЭҚНҚО







### ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

Қазақстандағы жылу энергиясы – әлеуметтік өнім, оның басты тұтынушылары үй шаруашылықтары, негізінен, қалалық мекендердегі көппәтерлі үйлер (2016 жыл қорытындысы бойынша, олардың саны 150 мыңға жуық) және қалалық жеке секторлардың бөлігі, сондай-ақ, 20 мыңнан астам әлеуметтік-бюджеттік нысандар (балабақша, мектеп, ЖОО, аурухана, мемлекеттік мекемелер және т.б.) болып табылады. Тұрғындар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары босатылатын жылудың 55%-ын тұтынады.


Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының (ҚЭҚ) мәліметінше, елде 38 ЖЭО, 29 ірі қазандық және 5400-ге жуық шағын қазандықтар жұмыс жасайды. ЖЭО-ның үлкен бөлігі біріктірілген өндірісті – жылу және электр энергияларының өндірісін қамтамасыз етеді. Жылу өндіруші кәсіпорындардың меншік құрылымында коммуналдық шаруашылықтың үлесі – 80% болса, тек 20% үлес жеке меншікке тиесілі. ҚЭҚ мәліметінше, нысандардың 11%-ы 20 жыл бұрын салынған, соншалықты нысандар 20-30 жыл пайдаланылып келе жатқан болса, 38%-ы 30-40 жылдан бері пайдаланылуда, ал жылу өндіруші қуаттылықтардың 39%-ы 40 жылдан астам уақыттан бері қызмет етіп келеді.

2015 жылдың мәліметіне сәйкес, Республика жылу желілерінің ұзындығы 11,88 мың км құрайды. Олардың тозу деңгейі 2014 жылы ресми түрде 70-80% болды. Жылу желілерін 2014-2020 жылдары жаңғырту мемлекеттік жоспарына сәйкес, 2020 жылға қарай, жылу желілері шаруашылығының тозу деңгейі орташа есеппен 55%-ға қысқаруы тиіс.

2016 жыл қорытындысы бойынша Қазақстан қазандықтары 80,7 млн Гкал жылу энергиясын өндірді, бұл 2015 жылғы көрсеткіштен 0,1%-ға аз. Қазақстанда жылу энергиясы өндірісінің төмендеуі 2013 жылдан бастап байқалды: 2016 жыл қорытындысы бойынша өндірістің қысқаруы 22,0% құраса, 2013 жылдан бергі орташа жылдық динамика -5,8% құрайды.

#### ҚР-нда жылу энергиясын өндіру, млн Гкал

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



Өндірістік қысқару тренді өнеркәсіп кәсіпорындары мен тұрғын үй секторы нысандарының энерготімділігін арттыру бағдарламасын жүзеге асырумен, сондай-ақ, өндіріс қуаттылықтары мен жылу желілері шаруашылығын жаңғыртумен байланысты.

### ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ТАРИФТЕРІ

Жылу энергиясын беру және тарату секторларындағы компаниялар монополияға қарсы орган – Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетімен (ТМРБҚК) реттеледі.

Электр желілік компаниялар тарифтері табиғи монополия субъектілерінің операциялық шығындары, сондай-ақ, капиталдық шығындарының өтемдерін қамтамасыз етуге қызмет етеді. Осыған байланысты реттеушінің саясаты шекті тарифтер аталатын инвестициялық құрамдас бөлігі бар тарифтерді қолдануға бағытталған.


2015 жылы ҚР Үкіметі 2009-2015 жылдары, 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін қызмет еткен шекті тарифтер бағдарламасын созды. 2019 жылдан бастап, электр энергиясы өндірісі секторындағы инвестициялық белсенділік қуаттылық нарығының моделін енгізу есебінен сақталады.

Электр желілік және жылумен қамтушы ұйымдар 2016 жылдан бастап реттелу мүмкіндігі қарастырылған 5 жылдық шекті тарифтерге көшті.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитетінің мәліметінше, электр энергиясын босату бағалары 6,1%-ға, жылу энергиясы бойынша 8,0%-ға өсті. 2015 жылмен салыстырғанда, тарифтер өсімін байсалды деп бағалауға болады. Бір жыл бұрын олар сәйкесінше 8,3% және 14,0%-ға артты. Электр энергиясы тарифтерінің 2010 жылдан бергі орташа жылдық өсім динамикасы 8,5% құраса, жылу энергиясы бойынша 6,8%-ды құрады.

#### ҚР-ндағы электр және жылу энергиясы тарифтерінің динамикасы, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



## ЗАҢНАМА САЛАСЫНДАҒЫ 2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

2016 жыл ішінде мемлекеттік (орталық және жергілікті) органдар электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеуге қатысты 100-ден астам нормативтік құқықтық актілерді бекітті.

2016 жылғы ақпанда ҚР Үкіметі тиянақты тарифтерді анықтаудың жаңа ережелерін бекітсе, онда жаңартылатын энергия көздеріне арналған тарифтерді есептеу тәртібі жазылған.

2016 жылғы сәуірде жаңартылатын энергия көздерін қолдану механизмдерін бөлшектеп берген «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы күшіне енді.

Есептік жылдың тамызында ҚР Энергетика министрлігінің жарлығы шықты. Бұл жарлықта Нарық кеңесі ретінде «Қазақстан Электроэнергетикалық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі танылған. Нарық кеңесі нарық қызметіне мониторинг жүргізетін электр қуаттылықтары нарығының ажырамас элементі болып табылады.

2016 жылы қазанда Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесі ЕАЭО мүше-мемлекеттердің 2016-2017 жылғы макроэкономикалық саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша шаралар тізімін бекітті. ЕАЭО бірыңғай энергетикалық нарығы 2019 жылдан бастап енгізілуі тиіс. Белгіленген екі жылда одақ қатысушылары бірыңғай электр энергетикалық нарық жұмысының ортақ ережелерін, оның ішінде табиғи монополиялар субъекттерінің қызметтеріне қолжетімділік ережелерін әзірлеуі тиіс.

2016 жылғы қарашада ҚР Үкіметі Парламент талқысына «Электр энергетикасы мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынды. Бұл түзетулер «100 нақты қадам» жоспарының «Аймақтық электр желілік компанияларды ірілендіру» шарасын орындауға бағытталған.

Мемлекеттік электр желілері өздері қосылған желілер тиесілі энергия беруші ұйымдардың (ЭБҰ) сенімгерлік басқаруына не өтеусіз пайдалануына беріледі. Иесіз электр желілерін жергілікті атқарушы органдарға өтеусіз негізде беру реттеледі және ЭБҰ балансына берілген иесіз желілердің активтері ЭБҰ салықтық базасына қосылмайтыны айтылады. ЭБҰ-ға қойылатын талаптар күшейтіледі, тиісінше оларда диспетчерлік технологиялық басқару жүйесі, желілерді пайдалануға және жөндеуге қажетті материалдық-техникалық базасы бар аттестацияланған қызметкерлер тобы, жүйелік оператормен қызмет көрсету келісім-шарты, оператор – KEGOC жүйесімен біркелкіленген коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі, телеком-жүйесі болуы шарт.

## САЛАДАҒЫ 2016 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

Қазақстандық энергетикадағы жылдың негізгі оқиғалары болып күтілген екі жобаны жүзеге асыру мерзімдерінің шегерілуі болып табылады. Олар – Балқаш ЖЭС-ы мен Екібастұз 2-МАЭС № 3 энергоблогының құрылысы. 2016 жыл мәресінде 2014-2020 жылғы жекешелендіру бағдарламасы аясында сатылымға шығарылған «Самұрық-Энерго» АҚ-ның сегіз активінің екеуі жекешелендірілді. «Шығыс Қазақстан ЭТК» АҚ 100% және «Маңғыстау ЭТК» АҚ 78,64% сатылды. «Ақтөбе ЖЭО» АҚ, «АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ, «Алматыэнергосбыт» ЖШС және «Тегіс Мұнай» ЖШС активтері өз сатылымын күтуде. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның түпкі мақсаты қор биржасында жария листингке дайындық болып табылады.

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Энергетикалық сектордағы инвестициялық белсенділік 2016 жылы төмендеуді жалғастырды. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 19,6%-ға қысқарып, 459,7 млрд теңгені құрады. Төмендеу екі жылдан бері жалғасып келеді, оған негізгі екі себеп бар: электр энергиясы өндірісі секторында шекті тарифтер бағдарламасының негізгі бөлігінің аяқталуы және ел экономикасындағы дағдарыстық құбылысқа байланысты тұтынудың төмендеуі.

Бұл ретте есептік жылы шетелдік инвестициялардың жалпы келуі оң динамиканы көрсетті. 2016 жылғы I-III кварталдар нәтижесі бойынша сектор шетелден 82,9 млн АҚШ долларын алды. Бұл 2015 жылғы 4 кварталдың қорытындысы бойынша көрсеткіштен 6,7 есе жоғары өсім болып табылады.


Корпорация деңгейінде 2016 жылы инвестициялық бағдарламалары ірі, ал жобалары сала үшін маңызды болып табылған ойыншыларды атап өтуге болады. 2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ жоспары бойынша инвестициялық бағдарламаның жалпы сомасы 91,8 млрд теңгені құрауы тиіс болған. 2016-2017 жылдар қорытындысы бойынша ескі активтерді қолдау және жаңаларын дамытуға 223,9 млрд теңге инвестициялау жоспарлануда.

Қыркүйекте Алматы 2-ЖЭО-нда №8 қазандық агрегат пайдалануға беріліп, стансаның жылу қуаты 20%-ға артып, 1 414 Гкал/с құрады. Жоба құны – 25,7 млрд теңге. 2-ЕМАЭС-нда ашық тарату қондырғыларын (ОРУ-500 кВ) жаңғырту мен кеңейту жобасы аясында капиталдық шығындар 18 млрд теңгені құрады. Ақтөбе ЖЭО орнатылған қуатын 88-ден 118 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берген жаңа турбинаны орнату жобасының құны – 3,5 млрд теңге болды.



### ҚР негізгі капиталына салынған инвестиция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



2016 жылғы қарашада Өскемен ЖЭО (AES Kazakhstan тобы құрамында) №12 турбоагрегаты пайдалануға берілді. Қуаттылығы 120 МВт жаңа турбинаны орнату жобасының құны 53 млн долларды құрады.

«Қарағанды-Энергоорталыққа» тиесілі Қарағанды 3-ЖЭО-нда мамырда электр қуаты 110 МВт және жылу қуаты 180 Гкал/с турбина қолданысқа берілді, соған орай стансаның энерготімділігі 25% -ға артуы тиіс.

KEGOC жүйелік операторы желтоқсанда Екібастұз-Шұлбі ГЭС (Семей) жоғары вольтті электр беру желілерінің құрылысын аяқтады. Бұл – Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік бағытындағы электр энергиясы транзиті жобасының бірінші бөлігі болып табылады. Ақтоғай және Талдықорғаннан «Алма» ШС-на дейін өтетін ұзындығы 700 км (ӘЖ 500 және 220 кВ) транзиттік магистраль құрылысы жобасы (құны – 120 млрд теңге) 2018 жылы аяқталады.


### НАРЫҚТЫ ДАМУ ТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ҚР энергетикасында байқалған оң динамика 2017 жылда да жалғасады. Тау-кен өндіруші және өңдеуші секторлардағы, сондай-ақ, транспорттағы өндірістің артуымен байланысты экономиканың өсімі электр энергиясы өндірісі мен тұтынуының өсіміне әкеледі.

### ҚР энергосекторына ШТИ жалпы ағыны, млн долл

\*I-III кв. қорытындысы бойынша

Дереккөз: ҚР Ұлттық банкі




ҚР Энергетика министрлігінің 2016 жылғы қазанда бекітілген Қазақстан БЭЖ энергобалансына сәйкес, 2017 жылы электр энергиясы өндірісі 103,9 млрд кВт•с-қа жетеді (2016 жылғы факт +10,4%). 2023 жылға дейінгі перспективада өндіріс 103,9-дан 113,4 млрд кВт•с-қа өсуі тиіс. Өсім негізін 2016 жылдан кейін енгізілетін энергия көздері береді, 2023 жылы олардың үлесіне өндірістің 19%-ы келетін болады. Жаңартылатын энергия көздерінің электр энергиясын өндіруі 1,4-тен 5,6 млрд кВт•с-қа өседі.

Алдағы 6 жылда Қазақстан энергожүйесіндегі жалпы орнатылған қуат 2,2%-ға – 22 346-дан 22 832 МВт-қа артса, иеліктегі қуат 6,0%-ға – 18 638-ден 18 756 МВт-қа артады.

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның 2016 жылғы басты жобасы – Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 турбоагрегатты (95 МВт, толық ауыстыру) және №12 қазандық агрегатты (қайта құру) жаңғырту болды. Жаңа турбоагрегат жылына 650 млн кВт•с-тан астам электр энергиясын өндіруге, ал қайта құрылған қуаттылығы 270 т/с қазандық агрегат жылына қосымша 5,7 млн кВт•с электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Бұл ретте турбиналардың пайдалы әрекетінің жалпы коэффициенті 40,31% құраса, қазандықтардікі – 89,56% құрады.

## ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында жүзеге асуы жалғасын тапқан инвестициялық бағдарлама электр және жылу энергиясы өндірісін арттырып, беру кезінде шығындарды азайтуға, қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік берді. 2016 жылы инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 11,078 млрд теңге бағытталды.





## ӨНДІРІСТІ АРТТЫРУ

2016 жылғы желтоқсанда Петропавл 2-ЖЭО-нда №5 жаңа турбоагрегат іске қосылды. Турбина облыс пен Петропавл қаласына қосымша 62 МВт электр қуатын берді. Осылайша, 2016 жыл қорытындысы бойынша қуаттылықтың артуы 2015 жылмен салыстырғанда 18,9% құрады.

2016 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 14,2% өсті. №5 турбоагрегатты пайдалануға бергеннен кейін қосымша электр энергиясын өндіру өсімі жылына 650 051,2 мың кВт•с құрайды. Сондай-ақ, 2016 жылы стансаның бу қысымы 50 т/с-қа арттырылып, қайта құрылған №12 қазандық агрегат пайдалануға берілді. Аталған барлық нысан техникалық процессті автоматтандырылған басқару жүйесімен (ТП АБЖ) жабдықталған.

Жаңа қондырғыны іске қосқаннан кейін стансаның мүмкіндіктері айтарлықтай артады, ол өңірдің жылу және электр энергиясына деген артып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысының бизнес-жобалары мен өнеркәсібінің дамуына үлесін қосады.

## ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ ШЫҒЫНДАРЫН АЗАЙТУ

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда заманауи энергоүнемдеуші технологияларды қолданудың арқасында нормативтен тыс шығындарды толық жоюға мүмкіндік туды. Бұдан бөлек, инвестициялық бағдарлама аясында атқарылған шаралар негізгі жабдықтардың тозуын 2016 жылдың басындағы 71,1%-дан есептік жылдың аяғындағы 69,8%-ға төмендетуге, технологиялық бұзушылықтар саны мен электр энергиясының жетпей қалуын болдырмауға, сол арқылы тұтынушыларды сенімді электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Кәсіпорында ЭКЕАЖ орнату және ӨОС сымын қолдану арқылы электр беру желілерін қайта құру бойынша жұмыстар шығындардың айтарлықтай қысқаруына әкеледі.

ЭКЕАЖ автоматтандырылған жүйесі есеп дәлдігін арттыруға, электр энергиясы сапасын бақылауға, шығындарды анықтауға және оқшаулауға, ұрлықты табуға және электр энергиясын тарату процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге арналған. Бөлшек нарықтың ЭКЕАЖ жұмысы принципі абонент есептегіштері көрсеткіштерін автоматты түрде алуға және оны интернет-байланыс арқылы электр желілік компаниялардың серверлеріне жіберуге негізделеді. Бұл электр энергиясы шығындарын қысқартып, мәліметтерді алу және тәулік зоналары бойынша электр энергиясы есебінің дифференциациялау процесін жеңілдетеді.

Атауы	2013	2014	2015	2016
Жыл соңындағы орнатылған электр қуаты, МВт	397	434	455	541
Электр энергиясын өндіру, млн кВт•с	2 603	2 733	2 809	3 208
Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %	2,8%	2,9%	3,1%	3,4%
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт•с	1 182	1 225	1 187	1 208
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт•с	2 080	2 207	2 308	2 692
Орнатылған жылу қуаты, Гкал	874,8	791,65	717,65	713
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	1 791	1 946	1 861	1 905
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	1 262	1 333	1 330	1 301
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	1 249	1 319	1 316	1 288

ӨОС технологиясы – прогрессті және перспективалы технология болып табылады, өйткені ол тұтынушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға, өндірістік шығындарды (тасымалдау кезіндегі электр энергиясы шығындары, ЭБЖ және энергетикалық қондырғыларды жөндеу шығындары, апаттық жағдайларды жою шығындары) азайтуға бағытталған. Сондай-ақ, ӨОС орнату электр энергиясын келісім-шартсыз тұтынуға жол бермейді, энергиямен қамтудың сенімділігіне кепілдік береді, электр энергиясының техникалық шығындары ең төменгі шекке жақындайды.

Жылу энергиясы шығындарын төмендетудің негізгі шаралары орталықтандырылған жылумен қамту желісін қалпына келтіру және жаңғыртуға бағытталған. Жоба өзіндік қаражат, ЕҚДБ жаңа инвестициялық несиесі және «Нұрлы Жол» бағдарламасы бойынша ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік субсидиясы есебінен қаржыландырылатын 2016-2020 жылдарғы инвестициялық бағдарлама аясында жүзеге асырылады.

Жоба жылумен қамту сенімділігін, энергия пайдалану тиімділігін арттыруға және CO<sub>2</sub> шығарылымдарын төмендету есебінен шығындарды азайту және экологиялық стандарттарды жақсартуға бағытталған, нәтижесінде желілер бойынша беру кезіндегі шығындарды азайтумен байланысты көмір шығыны үнемделеді.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС жылу шығынын автоматты реттеушілер, өнеркәсіптік контроллерлер, механизмдер байланысына арналған модемдер және диспетчерлік қызметпен бақылаушы-өлшеуші аспаптар орнатады. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай желіге біріккен, ол диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті түрде бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апатты жағдайларда тез шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, кәсіпорын жылу энергиясы шығындарының көздерін анықтау үшін жетекші технологиялар – магистральдық құбыр желілерін бақылау және диагностикалау үшін тепловизиялық зерттеу құралдары мен ультрадыбысты дефектоскоптар қолданады.

Инвестициялық бағдарламаның «Құрылыс және қайта құру» бағыты бойынша электр желілік компания келесі шараларды жүзеге асырды: Петропавл қ. бойынша 15,5 км 10-0,4 кВ кабельді желілерін ауыстыру, 7 10/0,4 кВ трансформаторлы шағын стансасының қондырғылары мен ғимаратын қайта құру, 7 10/0,4 кВ трансформаторлы шағын стансасының қондырғыларын ауыстыру, Петропавл қаласында 9,15 км 10 кВ әуе желісін қайта құру, 110/10 кВ №8 шағын стансаларында блок-модульді ғимаратта 10 кВ вакуумды ажыратқыштар ұяшықтарын ауыстырып, қондырғыларды қайта құру, 220/110/35/10 кВ «Қиялы» шағын стансасында аккумуляторлық батареяларды ауыстыру, ШС 110/35/10 кВ «Благовещенка», ШС 110/35/10 кВ «Покровка» және ШС 110/10 кВ № 4

шағын стансаларын күрделі жөндеу.

«Негізгі жабдықтарды жаңғырту» бағытында келесі шаралар орындалды. Петропавл қаласында РП 10 кВ № 12-де «Теллур» құрылғысын монтаждау, Петропавл қаласында РП 10 кВ №3-те «Овод МД» құрылғысын монтаждау, Петропавл қаласында ШС 110/10 кВ № 8 Ф-10 КРУН-1 және ШС 110/10 кВ № 8 Ф-4 КРУН-3 шағын стансаларында реклоузерде КРУН ауыстыру.

2016 жылғы инвестициялық бағдарламаның «электр қондырғыларын ауыстыру» бағыты бойынша шаралары аясында қуаты 630 кВА күш трансформаторы, қуаты 250 кВА екі күш трансформаторы және қуаты 160 кВА үш трансформатор сатып алынды.

«Жылу желілерін қайта құру» бағыты бойынша 2016 жылы кәсіпорында жалпы ұзындығы 14,715 км (4,857 км магистральдық желілер және 9,858 км тарату желілері) магистральдық және таратушы желілер құбыры ауыстырылып, жоспарлы түрде жөнделді. Жалпы ұзындығы 10,886 км құбыр желісінің зақымдалған жылу қаптамасы қалпына келтіріліп, жалаңаштанған тұстары шынымақталы плиталар қолданылып, жөнделді.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС жылу магистральдерін қайта құруда дәстүрлі құбырлардан (құбыр – темір қабаты мен минералды мақталы маталардан әзірленген жылу оқшаулаушы) энергия тасымалдау кезінде жылу шығынын төмендетуді қамтамасыз ететін жоғары жылу оқшаулағыш көрсеткіштерімен (жылу қаптамасы ылғалданбайды, тозбайды, пайдалану мерзімінде ауыстыруды қажет етпейді), қондырғының жоғары сенімді ресурсы мен пайдалану мерзімін нормативті мәнге (25 жыл) жеткізуімен, аса қалың полиэтилен сыртқы қаптамасы есебінен құбырдың сыртқы қабатының жоғары коррозиялық төзімділігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, мұндай құбырларды жер үстімен жүргізген кезде ешқандай темір-бетон жолдар салу қажеті жоқ және олар белгі беру жүйесімен қамтылған. Бұл жүйе ағын болған жағдайда оның нақты орнын табуға мүмкіндік береді. 2016 жылы ұзындығы 3,65 км құбыр желісі алдын ала оқшауланған құбырлар қолданылып, құрылды және қайта құрылды.

Петропавл қаласында ұзындығы 1,55 км құбыр желісі жылу желілеріндегі шығынның алдын алу үшін құбырлар пенополиуретанды (ППУ) қаптамамен оқшауланып, қайта қалпына келтірілді. Бұл материалдың ерекшелігі – барлық пайдалану мерзімі кезінде (30 жыл) оның жылу оқшаулаушы қасиетінің қалыпты болуында. «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде осылайша ескі және жартылай бұзылған қаптама мәселесі шешілуде.



## ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2014 жылы жүргізілген энергоаудит нәтижесінде алынған ұсыныстарға сәйкес әзірленген, стансаның энерготиімділігін көтеруге арналған арнаулы бес жылдық бағдарлама жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламаны орындау нәтижесінде 2016 жылы қол жеткен үнем 277,712 мың тонна шартты отынды құрады.

2016 жылғы маңызды оқиғалардың бірі – желтоқсанда Т-95/105-8,8 типті №5 турбоагрегаттың пайдалануға берілуі болды. Жаңа турбоагрегат станса жұмысының сенімділігі мен үнемділігін арттырып, орнатылған қуатты 62 МВт-қа арттырды, сонымен бірге, электр энергиясы өндірісін жылына 650 млн кВт•с-қа көтерді. Шартты жыл үшін турбина бойынша отын үнемділігі 273,912 мың тонна шартты отынды құрайды деп күтілуде. Сондай-ақ, 2016 жылы бу өнімділігі сағатына 50 тоннаға арттырылып, БКЗ-220-100-4 (Е-270) типті №12 қазандық агре-

гатты қайта құру жүзеге асырылды. Бұл шара қазандық агрегат пен стансаның сенімділігі мен үнемділігін арттырып, қазандық агрегаттың ПӘК-ін 89,12%-дан 91,3%-ға арттырды. Шартты жылдағы жоспарлы үнем 4,2 мың тоннаны құраса, электр энергиясының қосымша өндірісі қазандықтың бу қысымын ұлғайту есебінен жылына 5 683,72 мың кВт•с-ты құрайды.

Энергия үнемдеу шараларының арқасында отынның бөлшек шығындарын азайтудан үнем 2016 жылы 2015 жылмен салыстырғанда Петропавл 2-ЖЭО-нда 23,043 мың тонна көмірді құрады. 2016 жылы Петропавл 2-ЖЭО 3 208 млн кВт•с электр энергиясын өндірді.

2017 жылы стансада 3 571 млн кВт•с электр энергиясын өндіру жоспарланса, ол 2016 жылғы көрсеткіштен салыстырмалы түрде 11,3%-ға артық. Стансаның 2017 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша орнатылған электр қуаты 541 МВт құрайды.

---

## 2009-2016 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

Солтүстік Қазақстан облысы жылу және электр энергиясының негізгі көзі. Петропавл 2-ЖЭО-ның басты қызметі – жылу және электр энергиясын өндіру болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ орнатылған электр қуаты 541 МВт, жылу қуаты – 713 Гкал/с құрайды.

#### 2012

Қазандықтардың бу өнімділігі 100 т/с-қа арттырылып, ПӘК 5,9% -ға өсіріліп, №6 және №7 қазандық агрегаттар жаңғыртылды. Отын шығынының қысқаруына байланысты көмір үнемділігі жылына 29,5 мың тоннаны құрады.

#### 2013

Турбина қуаттылығы 30 МВт-қа арттырылып, №4 турбогенераторды қайта құру және жаңғырту бойынша жоба аяқталды, электр қуаты 24 МВт-қа арттырылып, №6 турбоагрегатты қайта құру орындалды. Екі жобаны жүзеге асыру орнатылған электр қуатын 54 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді.

#### 2014

№8 жаңа қазандық агрегат жөнделіп, нәтижесінде бу өнімділігі 50 т/с-қа артты.

#### 2015

№1 турбоагрегат іске қосылып, ол турбинаның орнатылған электр қуатын 21 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді. Жаңа қондырғыны орнату стансаның орнатылған электр қуатын 434-тен 479 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді. №7 турбоагрегат қайта құрылып, ол турбинаның орнатылған және иеліктегі қуатын 24 МВт-қа арттырды.

#### 2016

Электр қуатын 62 МВт-қа арттырып, №5 жаңа турбоагрегат пайдалануға берілді. Бу өнімділігі 50 т/с-қа арттырылып, №12 қазандық агрегат қайта құру жұмыстарынан кейін іске кірісті.

## ПРОЦЕССТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

2014 жылы «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ шағын станса ұяшықтарында вакуумды ажыратқыштарды орнатқан қазақстандық бірінші компания болды. 2014-2016 жылдары 7 майлы ажыратқыш ВРС-110 кВ вакуумды ажыратқыштарға ауыстырылды, бұл Солтүстік Қазақстан облысының бірқатар аудандары мен Петропавл қаласының тұрғындарын электрмен қамту сенімділігін арттырып қана қоймай, майлы ажыратқыштарды тұрақты жөндеу жұмыстарымен байланысты пайдалану шығындарын төмендетті.

## ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС

«Севказэнергосбыт» ЖШС ірі тұтынушылары: «ЗИКСТО» АҚ, «ПЗТМ» ЖШС, ЮУЖД (жылу энергиясы).

Тұтынушыларға, шағын және орта бизнеске, бюджеттік ұйымдарға қызмет көрсету мемлекеттік органдармен өз өкілеттігі аясында бекітілген тарифтерді қамтитын көрсетілетін қызмет сапасы талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

2016 жылы бөлшек қызмет тұтынушыларына қызмет көрсету коммуникацияның үш арнасы бойынша жүргізілді: күндізгі, сырттай және интерактивті қызмет көрсету.

Сырттай телефонмен қызмет көрсетуді «Байланыс орталығы» жүзеге асырады. Орталықтың негізгі функциясы – қызмет көрсету сапасын бақылау мақсатында жазылып алынатын көпарналы телефон номері бойынша тұтынушыларға қызмет көрсету болып табылады. Клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру үшін қызмет көрсету сапасын бақылау электронды түрде түсетін өтініштерге мониторинг жүргізіледі.

Интерактивті қызмет көрсету [www.sevkazenergo.kz](http://www.sevkazenergo.kz) корпоративтік сайтында жүзеге асырылады.

## ШАҒЫМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАРДЫ ҚАРАУ МЕХАНИЗМІ

«Севказэнергосбыт» ЖШС-не түскен арыз-шағымдардың есебі келесі жолдармен жүргізіледі:



байланыс орталығы арқылы (әңгіме таспаға жазылады)



жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын сервис-орталығы әкімшісінде болатын арнаулы журналдарда тіркеу арқылы



БАҚ (жергілікті телеарналар) қатысуымен қала ауданының тұрғындарымен қоғамдық тыңдаулар өткізу және баспасөзде жариялау арқылы



ресми корпоративтік сайттарда шағымдарды қарау механизмдерін жетілдіру шаралары түрінде «Тұтынушылармен жұмыс жөніндегі штаб», «Жемқорлықпен күрес», «Сұрақ-жауап», «Кері байланыс» айдарлары ұйымдастырылған. Бұл айдарларда Петропавл қаласы және облыс аудандары тұрғындарының шағымдары қарауға қабылданады





## ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Компанияның 2016 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді. Есеп саясатының принциптері Компания кәсіпорындарының бәріне бірегей.

Компанияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Компанияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

### ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2016 жыл қорытындысы бойынша, Компания жалпы сомасы 30 905 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2015 жылғы сәйкес көрсеткіштен 16,1%-ға жоғары болса, ол электр энергиясын өткізу көлемінің артуымен және жылу энергиясы бойынша тарифтің өсуімен байланысты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2016 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- Электр энергиясын өткізу көлемі инвестициялық бағдарлама нәтижесінде және тұтынушылар тарапынан сұраныстың оң динамикасына байланысты жаңа өндірістік қуаттылықтардың енгізілуіне орай, электр энергиясын өткізу көлемінің 384,2 млн кВт•с-қа (16,6%) өсуі есебінен 2015 жылмен салыстырғанда, 3 419 млн теңге немесе 18,4%-ға ұлғайды;
- Электр энергиясын беруден түсетін табыстар энергия беру көлемінің 21,3 млн кВт•с-қа (1,8%-ға) өсуі және тарифтің 6,2%-ға өсуі есебінен 334 млн теңге немесе 8,1%-ға өсті;
- Жылу энергиясын беру табыстары беру тарифтерінің 22,3%-ға өсуі есебінен 354 млн теңгеге немесе 19,7%-ға артты.
- Өткізуші компаниялардың өндіріс тарифтері мен босату тарифтерінің жалпы 11,3%-ға өсуі нәтижесінде өткізу маржасын есепке алғандағы жылу энергиясын өткізу табыстары 188 млн теңгеге не 8,9%-ға өсті.

### 2014–2016 жылдардағы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	2014	2015	2016
Негізгі қызмет табыстары	24 079	26 608	30 905
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(18 316)	(20 462)	(23 026)
Операциялық қызметтен түскен пайда	5 763	6 146	7 879
Бір жылғы жалпы EBITDA*	8 857	10 487*	12 726
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	36,8	39,4	41,2
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 194)	(110)	(1 484)
Бір жылғы таза пайда	3 181	(303)	4 886
Активтер	92 948	99 261	105 633
Капитал	52 264	51 118	56 004
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	11 327	10 739	10 962

\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

## ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2016 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 20 900 млн теңгені құрап, 2015 жылмен салыстырғанда өсім 2 639 млн теңге немесе 14,5% болды. Ол «Отын», «Тозу және амортизация», «Еңбекті төлеу», «Сатып алынатын энергия» және «Сыртқы ұйымдардың қызметтері» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды.

Компанияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (41%) «Отын» бабы ие.

Аталған бап бойынша қымбаттау 1 271 млн теңге немесе 17,4% құрады. Оның ішінде отын шығындары көлемінің 10,7%-ға артуы есебінен 810 млн теңгеге қымбаттаса, тасымалдау есебінен бағаның 7%-ға артуына байланысты 461 млн теңгеге қымбаттаған.

Өндірісте көмір шығынының артуына байланысты қоршаған ортаға шығарылымдар бойынша шағындар 160 млн теңгеге артты. Амортизациялық аударымдар 2016 жылы 10 962 теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 330 млн теңге немесе 8,6%-ға өсті.

Еңбекті төлеу шығындары 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақының өсуіне байланысты 135 млн теңге немесе 5,3%-ға артты.


Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алу шығындары сатып алу көлемінің 9,3 млн кВт•с немесе 127,9%-ға артуына байланысты 225 млн теңге немесе 125,8%-ға көбейді.

Өндірістік сипаттағы қызметтер шығындары техникалық диспетчерлеу мен теңгерімдеу бойынша KEGOC қызметі құнының өсуі мен, сондай-ақ, қондырғыны жөндеу және пайдалану шығындарының өсуіне байланысты 450 млн теңге немесе 16,6%-ға артты.

## ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ\*

2016 жылғы EBITDA көрсеткіші 12 726 млн теңгені құрады, 2015 жылмен салыстырғанда өсім 2 240 млн теңге немесе 21,4% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші өсімінің негізгі факторлары электр энергиясын өткізу көлемінің 384,2 млн кВт•с немесе 16,6%-ға артуы, жылу энергиясын өндіру тарифінің 10,4%-ға өсуі, жылу энергиясын беру тарифінің 22,3%-ға өсуі, жылу энергиясын өткізу тарифінің 15,6%-ға өсуі, электр энергиясын беру тарифінің 6,2%-ға өсуі болып табылады.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге



\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

## СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ EBITDA КӨРСЕТКІШІ

Компания өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Компанияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Компанияның 2016 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 12 226 млн теңге құрап, 2015 жылмен салыстырғанда өсім 2 099 млн теңге немесе 20,7% құрады. Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (11 764 млн теңге) болып табылады, мұнда 2016 жылы өсім өндірілген электр энергиясының 384,2 млн кВт•с немесе 16,6%-ға өсуі, енгізілген қуаттылықтар жұмысының тиімділігі, сондай-ақ, жылу энергиясын өндіру тарифтерін 10,4%-ға арттыру есебінен 1 055 млн теңге немесе 10% артқан.

## ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2016 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 7 879 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 25,5%) құраса, табыстың 1 732 млн теңгеге артуы электр энергиясын өткізу көлемінің 16,6%-ға өсуімен байланысты.

Қаржылық нетто шығындары пайдалануға берілген нысандар бойынша пайыздық шығындарды капиталдаудың аяқталуына байланысты инвестициялық қарыздардың сыйақысы бойынша шығындарды есептеу, сондай-ақ, ұлттық валютадағы қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеменің артуы есебінен 608 млн теңге немесе 46,2%-ға артты. Табыс салығы бойынша шығындар жаңғырту және қайта құрудан кейін қондырғыларды енгізу және салықтық преференцияларды қолдану есебінен 1 374 млн теңгеге артты.

## АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жиынтық активтері 105 633 млн теңгені құрады, бұл 2015 жылдың сәйкес көрсеткішінен 6,4%-ға жоғары.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 98 437 млн теңге немесе барлық активтер құнының 93,2%-ын құрады. 2016 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 10 962 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, 15 156 млн теңге сомаға ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді. Нақтырақ айтқанда, бұл 2016 жылы желтоқсанда Петропавл 2-ЖЭО-нда пайдалануға берілген №5 жаңа турбоагрегат пен №12 жаңғыртылған қазандық агрегатпен байланысты.

Басқа қаржылық активтер 206 млн теңге көлемінде бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар депозит түрінде берілген. Де-



Сегменттер бойынша 2016 жылғы қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Қорытынды
Негізгі қызмет табыстары	23 786	4 441	2 147	519	12	30 905
Өзіндік құны	(14 835)	(3 623)	(2 083)	(284)	(75)	(20 900)
Жалпы пайда	8 950	818	64	235	(63)	10 005
Кезең шығындары	(521)	(488)	(694)	(424)	-	(2 126)
Операциялық қызметтен түскен пайда	8 430	331	(630)	(188)	(63)	7 879
Қаржылық шығындар, нетто	(1 853)	(71)	3	-	-	(1 921)
Курстық айырмашылық шығыны	95	112	25	27		260
Өзге табыстар	76	58	20	(1)		153
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 446)	-99	27	34		(1 484)
Бір жылғы пайда	5 302	330	(555)	(129)	(63)	4 886
Сегменттер бойынша Операциялық EBITDA	11 764	979	(281)	(173)	(63)	12 226

позиттер Компанияның қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұруы үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Компанияның жарияланған жарғылық капиталы 143,9 млн дана жай акцияны құрайды. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 16 292 млн теңгені құрады.

2016 жылғы қарашада «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ айналымдық қаражатты толтыру мақсатында 400 млн теңгеге номиналды құны 13-13,5% мөлшердегі пайыздық мөлшерлеменен индекстелген 100 теңге болатын қысқа мерзімді купондық коммерциялық облига-


цияларды орналастырды. Купон төлемдерін төлеу жарты жылдық негізде, 2017 жылғы 21 қарашаға дейін өтеу мерзімімен жүзеге асырылады.

Бұл қаражат Компания стратегиясына сәйкес, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға және даму жобаларын жүзеге асыруға бағытталған.


Ұзақмерзімді қарыздар негізінен Топ активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша Компанияның ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталған ЕҚДБ қарызын қамтиды.

Жалпы қаржылық қарыз есептік жыл аяғында 26 891 млн теңгені құрап, бұл ретте Компания қаржылық тұрақтылығын сақтайды.

Активтер, млн теңге



Пассивтер, млн теңге




## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2016 жылы операциялық қызметтен ақшалай қаражат ағынының артуы байқалды, бұл өткізу көлемінің артуы мен жылу энергиясы тарифінің өсуіне байланысты болды. Операциялық қызметтен келетін таза ағын, шетелдік валютадағы қалдық ақша қаражатына курстық өзгерудің ықпалын есепке алғанда, 11 446 млн теңгені құрады. Айналымдық капиталдың өзгеруі сауда-дебиторлық қарыздың өсуімен байланысты. Негізінен, инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға қатысты кредиттік қарыздың азаюы айналымдық капиталдың қысқаруына әкелді.

2016 жылы инвестициялық қызметтен түскен 12 392 млн теңге көлеміндегі ең маңызды ақша ағындары ағымдағы кезеңнің үдемелі инвестициялық бағдарламасымен байланысты.

Жыл соңында ақшалай қаражаттар мен депозиттер 379 млн теңгені құрады, ақша қаражатының жеткілікті резерві Компанияға қажетті ликвидтілік деңгейін ұстап тұруға және қарыздарға қызмет көрсету үшін ішкі ресурстарды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге



## 2017 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында 2017 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды азайту және қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар кең ауқымды шараларды жалғастыру жоспарлануда.

Петропавл 2-ЖЭО-нда ОРУ-110кВ жаңғырту бойынша жұмыстар жалғастырылып, 2017 жылғы қарашада пайдалануға беріледі, ол стансаның электр қондырғыларының сенімділігін арттырады. №2 турбоагрегатқа турбоагрегатты қосу мен тоқтатуды қоса алғанда барлық пайдалану режимдерінде бақылау мен басқарудың кең ауқымды функцияларын қамтитын ТП АБЖ (технологиялық процесті автоматтандырылған басқару жүйесі) орнату жоспарланған. Турбоагрегат жұмысының режимдерін модельдеу жұмыс істеп тұрған турбоагрегат қондырғысының берілген жылу және электр қысымында құрамы мен режимдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді. ТП АБЖ орнату турбоагрегаттың ПЭК-ін 0,5%-ға арттырып, электр тоғының жиілігінің ауытқуын азайтады. Электр энергиясы өндірісі 2017 жылы 363 млн кВт•с болады деп күтілуде, ол 2016 жылғы деңгейден 11,3%-ға артуына эквивалентті.

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2017 жылы инвестициялық шараларды жүзеге асыруға 1,070 млрд теңге бағыттайды. Компанияда 4,307 млрд теңге көлемінде «2017-2020 жылдары «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ негізгі жабдықтарын қайта құру және жаңғырту» ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламасы әзірленген. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында 60 км 10-0,4 кВ кабельдік желілерді ауыстыру және құру, Петропавл қаласында 32 км ЭЖ-10 кВ әуе желілерін қайта құру, қысымы 35 кВ және одан жоғары 10 шағын стансаның қондырғыларын қайта құру, 52 10/0,4 кВ шағын стансасын қайта құру (оның ішінде 26-сы ғимараты қайта құрылып), жоғары вольтті өткізгішін ауыстырып, 10 трансформаторды күрделі жөндеу атқарылды. Сондай-ақ, электр желілік компания Петропавл қаласы мен Солтүстік Қазақстан облысында жалпы ұзындығы 144 км желінің «жалаңаш» сымы ӨОС маркалы өткізгішке ауыстырылса, 0,4 кВ әуе желілері қайта құрылды.

2017 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 12,604 км құбыр желісін ауыстыру көзделсе, оның 8,054 км таратушы желілер де, 4,550 км магистральдық желілер боп табылады. Кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасын орындау аясында 2017 жылы жалпы ұзындығы 8,178 км алдын ала оқшауланған құбырларды пайдаланып, жылу желілерін қайта құру жұмыстары, сондай-ақ, ППУ-қаптамасы қолданылып, 1,7 км жылу оқшаулағышын қалпына келтіру жоспарланған. Жұмыстар 2016-2020 жылғы инвестициялық бағдарлама аясында жоспарланса, бағдарлама кәсіпорынның өз қаражаты, ЕҚДБ инвестициялық несиесі және ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік субсидиясы есебінен қаржыландырылады.



## 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қазақстан электрэнергетикалық кәсіпорындары арасында өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құруға салынған капиталдық салымдар көлемі бойынша ең ауқымды инвестициялық бағдарламалардың бірін жүргізеді. Компанияның 2009-2020 жылдарға жоспарланған инвестициясының көлемі 77,22 млрд теңгені құрайды. Инвестициялық бағдарлама аясында үш бағыт бойынша шаралар жүзеге асырылады:

- Өндірісті арттыру;
- Беру кезіндегі электр және жылу шығындарын қоса алғанда, энергия үнемдеу;
- Өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.

2009-2015 жылдары Инвестициялық бағдарламаның негізгі шаралары аяқталды. Жаңғырту жобаларының арқасында 174 МВт қуаттылық жаңартылып және енгізіліп, орнатылған қуат көрсеткіші 26%-ға артты, электр энергиясы өндірісі 18,2% өссе, құл шығарылымдары 75%-ға қысқарды.

2016 жылы «ОАЭК» АҚ 2016-2020 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы қабылданды. Қабылданған құжат толықтай сәтті жүзеге асырылған 2010-2015 жылдардағы Стратегияны дамытып, толықтырады. 2016-2020 жылдарға арналған Стратегияға сәйкес, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндірісті арттыру, электр және жылу энергияларын

тасымалдау кезінде шығындарды азайту, экологиялық параметрлерді жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту Инвестициялық бағдарламасын жүзеге асырады. Сондай-ақ, корпоративтік басқару және кадрлық саясат жүйелерін жақсарту, кәсіпорындардың ресурстарын басқару автоматтандырылған жүйесін ендіру бойынша жұмыстар жалғасады.

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде өндіріс стансасы қондырғысының тозу деңгейі 2020 жылға қарай 54,16%-ға төмендейді. Негізгі қондырғыларды жаңғырту және ауыстыру бойынша жұмыстарды орындау есебінен электр энергиясын өндіру бойынша жоспарлы өсім 400 млн кВт•с-тан (13% өсім) асады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тасымалдау кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын төмендету, сондай-ақ, тұтынушыларды энергиямен қамту кезінде сенімділікті арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру жалғасады. 2016-2020 жылдары жылу энергиясы бойынша желідегі жалпы шығындарды 12,3%-ға төмендету жоспарлануда.

Аталған шараларды жүзеге асыру стратегиялық мақсат – электр және жылумен қамту саласында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу синергиясы есебінен тұтынушыларға үздіксіз және сенімді қызмет көрсететін вертикалды түрде біріктірілген жеке энергетикалық компания құруға жеткізеді.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

---

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда қазақстандық және халықаралық стандарттарға жауап беретін тиімді де айқын корпоративтік басқару жүйесі жұмыс жасайды. Корпоративтік басқару қызмет ашықтығын арттырып, активтердің өсуіне және Компанияның қаржылық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.





## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ


Компанияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Компания акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы компетенциясына жататын шешімдер «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) келесі мәселелер бойынша қабылданды:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын арттыру, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшері және төлеу тәртібін анықтау туралы шешім;
- 2015 қаржылық жыл үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім.

## ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес, 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 16 291 512 мың теңгені құрайды. «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады.

Ұстаушының атауы	Жай акциялар		Артықшылығы бар акциялар	Барлық акциялар	
	саны	үлесі		саны	үлесі
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ	143 863 799	100%	–	143 863 799	100%

## ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Жарғыда айқындалған.

Төменде аталғандар Компанияның дивидендік саясатының негізгі принциптері болып табылады:

- дивидендік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталын және ликвидтілігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық табыстылығын қамтамасыз ету;
- акционерлер құқықтарын сақтау және сыйлау, олардың әл-ауқатын арттыру.

Компания таза табыстың өз дамуына қажетті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретіндей бөлігін дивидендтерді төлеуге жұмсайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынымы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. Алдын-ала қарастырылмаған негативті жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамауға ұсыныс беруге міндетті.

2016 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлеріне 2015 қаржылық жыл үшін дивиденд есептемеу және төлемеу туралы шешім қабылданды.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда атқарушы орган болып Бас директор есептеледі. Бас директор Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры Ларичев Леонид Викторович. Акционерлік қоғамның жарғы капиталында, сондай-ақ, еншілес және тәуелді ұйымдар капиталында үлесі жоқ.

### ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

Энергетика саласындағы жолын 1993 жылы «Қарағанды 3-ЖЭО-нда» орталықтандырылған жөндеу цехінің шебері болып бастаған. «Қарағанды 3-ЖЭО», «Астана-Энергия» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда басшылық қызметтер атқарған. 2014 жылы 22 тамызда

Директорлар кеңесінің шешімімен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасы болып тағайындалды. 2014 жылдың 10 қыркүйегінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры міндетін атқаруға кірісті.

Леонид Викторович Ларичев «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген энергетигі» белгісімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 2011 жылы Ларичев Леонид Викторовичке «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағы берілді. 2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас директоры «Құрмет» орденімен наградталды. Ларичев Леонид Викторовичтің басшылығымен электр және жылу энергетикасында жаңғырту жобалары, сондай-ақ, өндіріс пен әлеуметтік сфера салаларындағы халықаралық стандарттарға сәйкес өзге де бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Компанияның еншілес кәсіпорындары – «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС атқарушы органдары – Бас директор болып табылады.

Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Атқарушы орган	Лауазымы	Сайланған күні/ өкілеттілігінің аяқталу күні
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Ларичев Леонид Викторович	Бас директор	10.09.2016 -09.09.2018
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Казановский Анатолий Антонович	Бас директор	16.10.2015 -15.10.2017
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	Рыбас Игорь Николаевич	Бас директор	16.09.2014 -15.09.2018
«Севказэнергосбыт» ЖШС	Сағандықов Мағауия Карипуланұлы	Бас директордың міндетін атқарушы	12.06.2016 бастап





## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ осы Компания Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының компетенциясына берілген мәселелерді есепке алмағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. Қызмет мақсатына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі келесі принциптерді басшылыққа алады:

- Компания қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Компанияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Компания туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Компания акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Компания акционерлерінің

көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;

- Компания акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Севказэнергосбыт» ЖШС, «Петропавл жылу желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 100%-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады. Директорлар кеңесіне берілетін сыйақы мөлшері Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады.

2016 жылы Директорлар кеңесіне берілген сыйақылардың жалпы сомасы 34 млн 678 мың теңгені құрады.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесі құрамы:

Атауы, ұйымдық-ұқықтық формасы	Директорлар кеңесінің мүшелері	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттігі аяқталатын күн
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Әмірханов Еркін Адамияұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	17.04.2015-16.04.2017
	Артамбаева Гүлнәр Жұмағалиқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі	17.04.2015-16.04.2017
	Ларичев Леонид Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	05.09.2016-16.04.2017
	Андреев Геннадий Иванович	Тәуелсіз директор	05.09.2016-16.04.2017
	Табанов Эльдар Рашитұлы	Тәуелсіз директор	17.04.2015-16.04.2017
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Әмірханов Еркін Адамияұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	13.06.2015-13.06.2017
	Ларичев Леонид Викторович	Директорлар кеңесінің мүшесі	13.06.2015-13.06.2017
	Зулеев Мұқан Махамбетұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі	31.10.2016-13.06.2017
	Сафарбаков Альберт Мансұрұлы	Тәуелсіз директор	31.10.2016-13.06.2017
	Табанов Эльдар Рашитұлы	Тәуелсіз директор	13.06.2015-13.06.2017

## СОСТАВ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ:



**ӘМІРХАНОВ  
ЕРКІН АДАМИЯҰЛЫ** (1967 ж.т.)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

«ОАЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі,  
акционері болып табылады  
01.07.2001 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;  
30.06.2004 – «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі;  
20.08.2007 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;  
16.03.2009 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;  
28.05.2009 – «Каустик» АҚ ДК Төрағасы;  
22.04.2011 – «ОАЭК» АҚ президенті;  
25.10.2011 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК Төрағасы;  
25.02.2013 – «АЭҮК» АҚ ДК Төрағасы;  
13.11.2013 – «СҚ ЭТК» АҚ ДК Төрағасы;  
20.01.2014 – «ПЭТК» АҚ ДК Төрағасы.



**АРТАМБАЕВА  
ГҮЛНӘР ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ** (1969 ж.т.)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАОЭК» АҚ Президенті, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі,  
акционері болып табылады  
16.06.2000 – «ОАОЭК» АҚ Президенті;  
27.06.2002 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;  
27.06.2002 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;  
07.10.2002 – «ПЭТК» АҚ ДК мүшесі;  
31.03.2004 – «Эксимбанк Қазақстан» АҚ ДК мүшесі;  
27.04.2007 – «ОАОЭК Инвест» ТЖАИҚ» АҚ ДК Төрағасы;  
16.03.2009 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі;  
07.07.2011 – «Астана-Инвест» инвестициялық үйі» АҚ ДК  
төрағасы;  
22.03.2013 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;  
14.11.2014 – «АЭҮК» АҚ ДК мүшесі.



**ТАБАНОВ  
ЭЛЬДАР РАШИТҰЛЫ** (1968 ж.т.)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік  
тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры  
2013 жыл – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі (тәуелсіз  
директор);

2015 жыл – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы»  
АҚ ДК мүшесі (тәуелсіз директор).



**АНДРЕЕВ  
ГЕННАДИЙ ИВАНОВИЧ** (1943 ж.т.)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуелсіз директоры

2015 жыл – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ Құрметті президенті;  
2016 жыл – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор);  
2016 жыл – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).



**ЛАРИЧЕВ  
ЛЕОНИД ВИКТОРОВИЧ** (1969 ж.т.)

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

10.09.2014 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры.



**ЗУЛЕЕВ  
МҰҚАН МАХАМБЕТҰЛЫ** (1979 ж.т.)

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

2011 ж. – «IFM Group» ЖШС кеңесшісі;  
2012 ж. – «СК Алматыэнергомонтаж» ЖШС кеңесшісі;  
2013 ж. – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;  
2015 ж. – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ бас директоры.



**САФАРБАКОВ  
АЛЬБЕРТ МАНСҰРҰЛЫ** (1940 ж.т.)

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ тәуелсіз директоры

1997 ж. – «Павлодартехэнерго» ЖШС директоры;  
06.03.2012 ж. – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор);  
12.03.2012 ж. – «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2016 жылы Директорлар кеңесінің 13 мәжілісі өткізілді.

Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- Жаңартылатын несиелік желі туралы шартқа сәйкес, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін «Сбербанк» ЕБ АҚ қаржыландыру шарттарын өзгерту туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі төрағасын сайлау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2015 жылғы аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- Директорлар кеңесіне есепті құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2015 жылғы қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын ұлғайту, Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау, Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне төленетін сыйақының мөлшері мен төлем шарттарын анықтау туралы;
- «ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Астанаэнергосбыт» ЖШС-мен бірге «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ үшін «Al Hila» Ислам банкі» АҚ-нда қаржыландырудың ұзаруына байланысты шарттарды анықтау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының қызметкерлеріне еңбекті төлеу шарттары туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мүдделі тараптармен мәміле жасау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне есепті қызметкерлерді лауазымдарына тағайындау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының 2017 жылғы бюджетін бекіту туралы;

- Директорлар кеңесі және оның комитеттерінің 2017 жылға күндізгі отырыстар күнтізбелік жоспарын бекіту.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне қоғам қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегияларын айқындауға және іске асыруға, корпоративтік басқару нәтижелілігіне, инвестициялық жобаларды іске асыруға және стратегияның орындалуын қадағалауға байланысты мәселелер жатады.

2016 жылы комитет отырысы өткізілмеді.

Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге және нығайтуға, Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға берілетін ұсыныстарды әзірлеуге қатысты мәселелер жатады.

2016 жылы комитеттің 2 отырысы өткізілді.


Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне атқарушы орган, ішкі аудит басқармасы, тәуекел менеджменті басқармасы, Компанияның басқа да органдары мен қосалқы бөлімшелері мүшелерінің лауазымдарына, корпоративтік хатшының лауазымына үміткерлерді сайлау/тағайындау, сыйақыларды тағайындау және төлеу, кадрлық саясат және оны іске асыру, Компанияның қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету саясаты және әлеуметтік мәселелерді шешу мәселелері жатады.

2016 жылы комитеттің 2 отырысы өткізілді.





## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ



Бизнес-процесстерді жетілдіру және Компанияда қабылданатын шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит басқармасы (ІАБ) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Компанияның Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процесстері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

ІАБ өз қызметін Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. ІАБ Директорлар кеңесі мен Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитетке орындалған жұмыс туралы жылдық есеп, сондай-ақ, әр тоқсанның қорытындысы бойынша тоқсан сайынғы есеп ұсынады.

Басқарма қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық

кәсіби ішкі аудит стандарттарына, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексінә сәйкес жүргізіледі.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

ІАБ қызметі «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.

2016 жылы және қазіргі таңда Компания бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2016 жылы Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер, өзге мүдделі тұлғалар және Компанияның ішкі бақылау, басқару органдарының өзара қызмет процесін реттейді және аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі және ол Корпоративтік басқару кодексінде көрініс тапқан. Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес келеді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге және қазақстандық акционерлік қоғамдардың

корпоративтік басқару принциптерін қолдануы бойынша ұсыныстарға сүйеніп жасалған.

Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтау Компанияның күнделікті қызмет тәжірибесінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және акционерлер, клиенттер мен қызметкерлердің Компания туралы жағымды көзқарас қалыптастыруына негіз болатын ережелер мен дәстүрлерді қалыптастырып, енгізуге, акционерлердің құқықтарын толықтай жүзеге асыруға және олардың Компания қызметі жайлы ақпараттануына, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылап, төмендетуге, Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруына бағытталған.

### 2016 жылы корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптерінің сақталуы

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	Принциптерді сақтау туралы ақпарат	Түсіндірмелер
<b>Әділеттілік</b> Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.	Сақталады	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік басқаруы Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ, активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Компания табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген.
<b>Есеп берушілік</b> Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Компания Бас директорына) есеп берушілігі. Бұл принцип Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ, Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады.	Сақталады	Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Компанияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Компанияның әрбір басшылық органы/құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Компания басқарушы органдарының өкілеттіліктерін шектеуін жүзеге асырады.
<b>Жауапкершілік</b> Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Компания акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Компанияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі (қасақана ойластырылған немесе абайсызда болған) іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.	Сақталады	2011 жылы Компанияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол төрт бағыттағы іскерлік өзара қарым-қатынастарды реттеу стандарттарын біріктіреді: <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бизнес және кәсіби этика;</li> <li>• Ұйымдық этика,</li> <li>• Корпоративтік басқару;</li> <li>• Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі.</li> </ul> Іскерлік этика кодексі Компанияның барлық қызметкерлері жұмыс орнында бизнес этикасы принциптерін қолдану кезінде басшылыққа алатын ережелер мен принциптерден тұрады.



Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	Принциптерді сақтау туралы ақпарат	Түсіндірмелер
<b>Ашықтық</b> Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Компанияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Компанияның ашықтық принципін сақтау бойынша негізгі міндеттері: <ul style="list-style-type: none"><li>• Компанияға қатысы бар барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;</li><li>• Компания туралы жария ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету;</li><li>• Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенім деңгейін арттыру;</li><li>• Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру;</li><li>• Компанияның оң имиджін қалыптастыру.</li></ul>
<b>Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік</b> Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.	Сақталады	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын ретейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.
<b>Тиімділік</b> Компания Бас директоры мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгіледі, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі әділ басқаруға міндетті.	Сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Бас директор туралы ережемен реттеледі. Бас директор – Компанияның жеке атқарушы органы, ол ағымдағы қызметке басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады.
<b>Бақылауға алушылық</b> Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың орнатылған тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.	Сақталады	Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Компанияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процесстерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.

## ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ

---

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметінің маңызды басымдығы – экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және басқа тәуекелдерді төмендету болып табылады. Компания қызметін басқарудағы тәуекелдерді уақытылы және жан-жақты талдау шығындар бойынша оңтайлы шешімдер қабылдауға, сондай-ақ, тиімділікті арттырып, еншілес кәсіпорындардың қызмет тұрақтылығын дамытуға мүмкіндік береді.








## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

Компанияда барлық тәуекелдерді бірегейлендіру, бағалау және мониторинг жасауға бағытталған тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі (ТБЖ) қызмет етеді. Тәуекелдерді анықтау барлық деңгейде – Топтың

өндіруші, тасымалдаушы, өткізуші кәсіпорындары, құрылымдық бөлімшелер және «СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы деңгейінде жүргізіледі. Тәуекелдер бірегейленіп, бағаланады және бақыланады.

### ІШКІ ОРТА



Тәуекелдерді басқару жұмыстарын Тәуекел менеджменті басқармасы жүргізеді, ол Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманың жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2016 жылы атқарылған жұмыстар	2017 жылға жоспарланған жұмыстар
Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру	Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру
<p>Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Тұтынушыларға қызмет көрсету процесін басқару;</li> <li>Тұтынушыларды жылу және электр желілеріне қосу процесін басқару;</li> <li>Қауіпті өндірістік нысандарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды өндірістік бақылау процесін басқару.</li> </ul>	<p>Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы процесін басқару;</li> <li>Табысты есептеу мен дебиторлармен есеп айырысу процесін басқару;</li> <li>Тауар-материалдық қорларды (ТМК) есепке алу процесін басқару;</li> <li>Негізгі жабдықтар мен бейматериалдық активтерді есепке алу процесін басқару.</li> </ul>

## ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Компанияда Директорлар кеңесі, атқарушы және қадағалаушы органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер жүзеге асыратын шаралар жүйесі болып табылатын ішкі бақылау стандарттары (ІБС) енгізілген.

Басқарудың барлық деңгейлерінде Топтың тиімді бақылаушы ортасын құру келесі шаралар арқылы жасалады:

- Топ қызметкерлерінде ішкі бақылау шараларының қажеттілігі мен орындалу түсінігін қалыптастыру;
- Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау және адалдық пен компетенттілік қағидаларын көрсету;
- Топ қызметкерлерінің кәсібилігі мен компетенттілігін арттыру;
- Құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлердің тиімді өзара қызметін қамтамасыз ету;
- Өкілеттілік пен жауапкершілікті тиімді бөлісуді қамтамасыз ету;
- Алаяқтықтың алдын алу механизмдерін қалыптастыру;

- Ішкі бақылау органдарының қызметін ұйымдастыру.

Мақсатқа келесі бағыттардағы шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- Негізгі және инвестициялық қызметтің тиімділігі мен нәтижелілігі;
- Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілерін сақтау;
- Есептіліктің дұрыстығы мен оны дайындау жүйесінің сенімділігі;
- Активтердің сақталушылығы.

Компания тәуекелдерді төмендету мақсатында қызметтің түбегейлі бақыланғанын қамтамасыз етуге тырысады. Басқарудың барлық деңгейінде бақылаушы шаралар ендірілген. Түрлі тәуекелдерді азайту мақсатында Компания бөлімшелері мен кәсіпорындары қызметінде 2016 жылы тәуекелдермен жұмыс жасау жалғасын табуда.

### ІБС ӨМІРЛІК ЦИКЛІ





## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ САҚТАНДЫРУ

Компания қызметіне қатысты тәуекелдерді дұрыс басқару мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясаты әзірленіп, қолданылады. Оған сәйкес, жүзеге асырылған тәуекелдердің салдарын (зиянын, шығынын) төмендету мен жоюға және аталған негативті салдарлардың Компания стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпалын төмендетуге бағытталған тәуекелдерді сақтандыру жүзеге асырылады. Осылайша, саясат Компания қызметіне, жұмысшылар денсаулығына, сондай-ақ, акционерлер мен инвесторлардың мүлдік көзқарастарына қауіп төндіретін және сақтандыруға жататын маңызды тәуекелдерден экономикалық тиімді сақтандыру қорғанысын жүзеге асыру арқылы Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкес міндетті сақтандырудың барлық түрлері бойынша жүзеге асырылады. Сақтандырудың


міндетті түрлерінен басқа Сақтандыру қорғанысын қамтамасыз ету саясатының талаптарына және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес, Компания сақтандырудың ерікті түрлері болып табылатын мүлдік тәуекелдерді сақтандырады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тобының өндірістік активтерінің мүлдік тәуекелдері Қазақстан Республикасы сақтандыру ұйымдарында заңнама талаптарына сәйкес сақтандырылған. Компания өз активтерін сақтандыруға (барлық тәуекелдерден мүлдік сақтандыру) қатысты жоғары талаптар қояды, соған орай, қосымша талаптар қойып, өз тәуекелдерін кредиттік рейтингі АА-дан төмен емес қайта сақтандыру ұйымдарында (Munich RE, Hannover RE және басқалар сынды) қайта сақтандыруды бақылауды жүзеге асырады. Компания сақтандыру қоғамдастығының өкілдеріне қатысты ашықтық саясатын жүргізеді: Компания тұрақты түрде өндірістік активтерін сақтандыру инженерлік зерттеу (сюрвейлер) жүргізеді, қайта сақтандырушылардың ұсыныстарын орындайды.



## ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Компанияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде Компания қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 71 тәуекел анықталды.

Тәуекел	Факторлар	Тәуекел деңгейі	ӨЗГЕРІС
<b>Операциялық тәуекелдер</b>			
Білікті/негізгі қызметкерлер дефициті	1. Орташа еңбекақының төмен деңгейі. 2. Өзге елдерге қоныс аудару 3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадр дайындау деңгейінің төмендігі		
Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	1. Жылу желілері тозуының жоғары деңгейі; 2. Сыртқы ауа температурасының төмен болуы; 3. Жылу магистральдеріндегі технологиялық ақаулар мен апаттар.		
Отын қорының уақытымен толтырылмауы	1. Экспедиторлық компаниялардың көмірді тасымалдауына транспорттың уақытылы ерілмеуі; 2. Отын тиелеген көліктердің бағыт жолында кешігуі; 3. Ауа райы жағдайларына байланысты форс-мажор себептер.		
Террористік қауіп (акт)	1. Экономикалық дағдарысқа байланысты бірқатар дамушы елдердегі саяси тұрақсыздық деңгейі мен халықаралық терроризм қаупінің артуы; 2. Радикалды ұйымдар белсенділігінің артуы, өнеркәсіптік терроризмнің дамуы.		
<b>Қаржылық тәуекелдер</b>			
Шетелдік валютаға шаққанда ұлттық валюта курсының өзгеруі	1. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі; 2. Мұнай бағасының өзгеруі; 3. ҚР Ұлттық Банкінің интервенциясы.		
Дебиторлық қарыздың өсуі	1. Тұтынушылардың төмен төлем тәртібі; 2. Контрагенттердің төлем қабілетіне ықпал ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің төмендеуі.		



**ТӘУЕКЕЛ ӨЗГЕРІСІНЕ СИПАТТАМА**

**ТӘУЕКЕЛДІ АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ**

2016 жылғы қызметкерлер тұрақсыздығына және қалыптасқан тұрақсыздық коэффициентіне талдау 2015 жылмен салыстырғанда қызметкерлер тұрақсыздығының төмендеу оң динамикасын көрсетті.

- 1.Еңбекті төлеудің бірыңғай жүйесіне (ЕТБЖ) көшу жолымен еңбекақы деңгейі дифференциалды түрде көтерілді;
- 2.Кадрлық резерв қалыптасты;
- 3.Компания қызметкерлерінің білім деңгейін көтеру және жас мамандарды қолдау жүйесі бойынша бағдарлама әзірленіп, бекітілді (кәсіпорын профилі бойынша білім деңгейін көтеретін Компания қызметкерлеріне және ЖОО мен колледж оқушыларына).

Компанияның «Петропавл жылу желілері» ЖШС еншілес ұйымында нормативтен тыс жылу шығындарының өсуі байқалады.

2016-2020 жылдарға арналған ЕҚДБ және «Нұрлы Жол» инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыру аясында Петропавл қаласының жылу жүйелерін жаңғырту қарастырылған. 12 млрд теңге қаржыландыру бекітілген. Бұл инвестициялық жобаның негізгі мақсаты нормативтен тыс жылу шығындарын 2020жылға қарай 0-ге дейін төмендету болып табылады.

2016 жылы жылы еру маусымы кезінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО қоймасындағы отын (көмір) қорын пайдалану нормасының төмендеуіне жол берілді.

- 1.Отынды пайдалану қорын толтыру мақсатында «Богатырь көмір» ЖШС көмір кенішінен келесі кезеңдерге отынды жіберудің қосымша жолдары қарастырылды;
- 2.Жарты вагон операторлары мен иелерімен қосымша жарты вагондар маршруттары қарастырылды.
- 3.«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО-ға тәуліктік отын жіберу маршруттарын арттыру кестесі әзірленді.

Радикалды ұйымдар белсенділігі, халықаралық терроризм тарапынан қауіптің артуы.

- 1.Өткізу және нысанішілік режимдердің әрекет етуі;
- 2.Компания нысандарының қауіпсіздік жағдайына ықпал ететін факторларға мониторинг;
- 3.Нысан аумақтарын бекіту шаралары жүргізіледі;
- 4.Күзет қызметкерлері білімін тұрақты тексеру жүргізіледі;
- 5.Компанияға жұмысқа тұратын тұлғаларды мәліметтер базасынан (соттылығының болуы, экстремистік топтарға қатысы туралы) тексеру жүргізіледі.

2015 жылғы 20 тамызда ҚР Ұлттық Банкі валюталық дәлізден бас тартып, еркін ауыстыру курсына өту туралы шешім қабылдады. Ағымдағы жылдың басынан теңгенің АҚШ долларына шаққандағы курсы 327,66-389,91 аралығында. Brent маркалы мұнай бағасы барреліне 27,88-53,14 АҚШ доллары аралығында.

Компанияның АҚШ долларында басымдыққа ие айтарлықтай міндеттемелері бар. АҚШ доллары курсының өзгеру тәуекелін басқару үшін Компания валюта ауыстыру курсының өзгерісіне мониторинг жүргізеді. 2016 жылы қазақстандық нарықта туынды қаржылық құралдар таңдауы болмауына байланысты «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ валюталық тәуекелін хеджирлеу операциясы жүргізілген жоқ. Осыған орай, Компания АҚШ долларымен деноминацияланған депозиттерге еркін қаражат орналастыру, ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жасау арқылы табиғи хеджирлеу әдісін қолданады.

2016 жылы тұтынылған энергияға төлеу бойынша оң тренд байқалды. Осылайша, 2016 жылы тұтынушылардың «Севказэнергосбыт» ЖШС алдындағы бір айдан ұзақ дебиторлық қарызы 2015 жылмен салыстырғанда 18,9%-ға төмендеді.

- 1.Претензиялық-талаптық жұмыстар жүргізілуде;
- 2.Қарызды бөліп төлеп, өтеу кестесі құрылуда;
- 3.Кәсіпорын мекен-жайына қызметкерлерінің коммуналдық қызмет бойынша кешіктірілген қарыздары туралы ақпарат қажеттілігіне қарай жолдануда.

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, халықаралық индустриялық және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін арттыру, жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды өткізу сынды жалпы қабылданған тұрақты даму принциптерін сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.





## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Оларды анықтау және іріктеу принципі аймақтық аспекспен белгіленген. Компанияның қызметі әсер етуі мүмкін тараптар олардың Компанияның өндірістік белсенді аймақтарына қатыстылығымен айшықталады. 2016 жылы Компания SEP (Stakeholder Engagement Plan) есебін әзірледі. Есепті әзірлеу барысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ менеджментіне жедел сұрау жүргізіліп, оның негізінде

Компанияның мүдделі тараптарының рангтық картасы талданды. Бірінші кезекте Компанияның қызметіне айтарлықтай ықпал ететін мүдделі тараптармен, сондай-ақ, Компанияның өзіндік стратегиялық бастамаларын жүзеге асыруда ортамерзімдік перспективада ықпал ететіндермен өзара қызмет жолға қойылады. Одан бөлек, Компания қызметінің мүдделі тараптарға әсері де назарға алынды.

Негізгі мүдделі тараптар	Өзара қызмет процесі	Қозғалатын басты мәселелер
Қызметкерлер	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компаниялар тобы басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</li> <li>• Қызметкерлерді Компания қызметі туралы ақпараттандыру;</li> <li>• Кәсіби дамуға атсалысу.</li> </ul>
Қоғам-дастықтар	Компанияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту;</li> <li>• Инвестициялық бағдарламаны орындау;</li> <li>• Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына, мәселен, жалпыұйлік энергия есеп құралдарын орнату мен техникалық шарттар алуға мониторинг.</li> </ul>
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Топ компанияларының қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту;</li> <li>• Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету;</li> <li>• Инвестициялық міндеттемелерді орындау;</li> <li>• Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.</li> </ul>
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының сайттарында кері байланыс қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>• Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.</li> </ul>
Оқу орындары	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау;</li> <li>• Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.</li> </ul>
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын топ компаниялары пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап беріледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>• Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру;</li> <li>• Экологиялық нормаларды орындау;</li> <li>• Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.</li> </ul>
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Топ компаниялары қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.</li> </ul>
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұжымдық келісімшартты орындау;</li> <li>• Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.</li> </ul>

2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өз қызметі туралы тұрақты түрде жоғарыда аталған топтарды корпоративтік сайтты актуалдандыру, БАҚ-та ақпарат орналастыру, сұрауларға жауап беру, қоғамдық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» және басқа шаралар өткізу арқылы ақпараттандырып отырды.

2016 жылы Компанияда Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес, Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары бойынша шаралар жүзеге асырылды. Жоспарды орындау қорытындысында корпоративтік сайтта мүдделі тараптармен өзара әрекетке бағытталған қызмет туралы ақпаратты қамтитын жария есеп орналастырылды.

Компания ақпаратты ашудың келесі қағидаларын ұстанады:

- Ашылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығының кепілдігі;
- Өз қызметінде барлық деректер туралы ақпаратты ашу оперативтілігі;

- Компания туралы ақпаратты ашудың тұрақтылығы мен уақыттылығы;
- Ақпараттың өзектілігі;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын коммерциялық, қызметтік және өзге құпия қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- Компания ашықтығы мен оның коммерциялық көзқарастарын сақтау арасындағы теңгерім;
- Басқарушылық шешімдерді қабылдауды ақпараттық қолдау;
- Компания және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін өзекті, уақытылы, толық, шынайы және объективті ақпаратпен қамтамасыз ету;
- Ақпараттың жоғалуының, сыртқа шығуының, бұзылуының алдын алу.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ), қызметтің табиғат қорғау және энерготиімділік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсарту – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі және қызмет тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады.

Қоршаған ортаға (ҚО) ықпал етуді азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес болу және ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін қолдану мақсатында Компанияның даму стратегиясында қарастырылған экологиялық саясатты жүзеге асырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ экологиялық қызметінің басымы бағыттары қоршаған ортаға тигізетін ықпалына негізделеді. Мұндай ықпал етулерге келесілер жатады:

- ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуы;
- парник газдарының атмосфераға шығарылуы (CO<sub>2</sub>);
- су тұтыну есебінен су нысандарына ықпал ету;
- өндірістік қалдықтарды орналастыру.

Басты экологиялық аспектерді басқару экологиялық көрсеткіштерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу және қызметтің заңнамалық пен корпоративтік талаптарға сәйкестігін бағалау барысында жүзеге асырылады.







Еншілес компаниялардың аталған экологиялық ықпал етулерін бақылау, есепке алу және талдауды қамтамасыз ету функциялары «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты тұлғаларына жүктелген.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызмет туралы ақпараттандыру Компанияның сайтында ҚОҚ туралы Саясат пен регламенттерді, Тұрақты даму туралы, Экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік есептерін жариялау жолымен жүзеге асырылады.

Одан бөлек, Компания мердігер ұйымдарды қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы оларды келісімшарттарға, техникалық шарттарға

және мердігерлерге қойылатын талаптарға қосу жолымен ақпараттандырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негативті экологиялық ықпал етудің алдын алуға мүмкіндігінше жұмыс жасап, ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес келетін жұмыс тәсілдерін енгізуге ниетті.

2009 жылдан бері Инвестициялық бағдарлама аясында және Еуропалық Қайта құру және Даму Банкінің саясатына сәйкес, Компания ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар бойынша ҚОҚ қатысты Экологиялық және әлеуметтік қызмет жоспарын (ESAP) жүзеге асырады.


### АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Ауаға шығарылымдар негізгі экологиялық ықпал етулердің бірі болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады. Экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2009-2014 жылдары инвестициялық бағдарлама аясында стансаның барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғыларды (КАҚ) қайта құрып, эмульгаторларды орнату нәтижесінде кәсіпорын шығындарын төмендетуді қамтамасыз етті.


Эмульгаторларды орнатудан кейін түтін газдарын тазалау коэффициенті 95,9% орнына 99,5%-ға жетті. Бұл шара көмір күлі шығарылымдарының жалпы жылдық көлемін жылына 19 336 тоннадан 4 878 тоннаға (75%) төмендетуге мүмкіндік берді. 2016 жылы кәсіпорында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 1 турбины (№5 ТА) түріндегі қосымша қуаттылықтар енгізілді.

2008 жыл соңынан 2016 жылға дейін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары тарапымен атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар көлемі 26%-ға төмендеді.

2014-2016 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2014-2016 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт\*с



## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

2016 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- ластаушы заттар шығарылымы көздерінен бөлінетін газдардағы ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды және залалсыздандыруды қамтамасыз ететін негізгі қондырғыларды ауыстыру, қайта құру және жаңғырту, өзіндік қажеттіліктерге энергия тұтынуды төмендету, отын шығынын есептеуді жақсарту, босатылатын өнім бірлігіне отынның бөлшек көрсеткіштерін төмендету;

- шаң-газ тазалау қондырғыларына күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізілді (күл аулағыш қондырғылар (КАҚ) мен газ өту жолдарының тозған элементтерін жөндеу);
- ҚР Техникалық регламентіне (№1232, 14.12.2007 ж.) сәйкес, негізгі қондырғылардың жұмыс режимін сақтау бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындау.

## ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO<sub>2</sub>)

2009 жылы Киот хаттамасы Қазақстан Республикасында күшіне енгеннен кейін Компания парник газдары шығарылымын түгіндеу жүргізуге және озон бұзушы заттарды тұтынуға дайындық бойынша жұмыс ұйымдастырылды.

Парник газдарына мониторинг жасау үшін басқарушы нормативті құжаттарға сәйкес, қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнаулы тәжірибеден (пункт-реттеу жұмыстары, үдерісті тоқтату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету) және апаттық жағдайлардан шығарылымдар есебін қамтамасыз ететін есеп тәсілі қолданылды. Парник газдары шығарылымдарын есептеу басқарушы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.


2016 жылы Еуропалық Қайта құру және Даму Банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және «ОАЭК» АҚ арасында «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Петропавлда жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты келісімшартқа қол қойылды. Аталған келісімшарт аясында Петропавл қаласының жылумен қамту жүйелерін жаңғыртуға 12,01 млрд теңге бағытталды. Жаңғырту жобалары энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және экологиялық стандарттарды жақсартуға бағытталған (желілер бойынша беру кезінде жылу шығындарының

азаюымен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO<sub>2</sub> шығарылымдарын азайту).


2016 жылы парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2015 жылмен салыстырғанда артып (3%), 4 396 666 тонна CO<sub>2</sub> құраса, ол жағылған отын (көмір, мазут) санының артуымен байланысты.

Жылу және электр энергиясын өндірумен байланысты парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері де 2016 жылы кішкене жоғарылауды көрсетті.

2014-2016 жж. CO<sub>2</sub> жалпы шығарылымы



2014-2016 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO<sub>2</sub> бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с





**ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ**

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау қызметін қаржыландыруды жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2016 жылы 4 566 млн теңгені құрады. Құрылыс және қайта құру бойынша жаңа жобалардың бәріне ҚОҚ мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға ықпал етуді

бағалау» (ҚОЫБ) жобасы әзірленеді. Оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі топтардың назарына қоғамдық тыңдау түрінде жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласы бойынша аймақтық бақылау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

**2016 жылғы табиғат қорғау шаралары шығындары, млн теңге**

№ р/с	Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге			
		2013	2014	2015	2016
<b>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ</b>					
1	Инвестициялық шығындар	2 999,9	2 911,7	3 000,0	4 348,9
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	259,5	212,9	131,5	27,6
3	Ағымдағы шығындар	29,9	237,7	292,9	189,9

**2016 жылғы табиғат қорғау шаралары шығындарының құрылымы (мың теңге):**

Атмосфералық ауаны қорғау	<b>4 356 448</b>
Жерді қорғау және рационалды пайдалану	<b>168 384</b>
Су ресурстарын қорғау	<b>19 066</b>
Өзге шығындар	<b>15 146</b>
Қалдықтарды жою	<b>7 371</b>
<b>Барлығы:</b>	<b>4 566 415</b>

Компания қызметінің жалпы құрамдас бөлігі қоршаған орта және энергетиканы қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау болып табылады. 2016 жыл ішінде мемлекеттік өкілетті органдар тарапынан экологиялық заңнаманы және кәсіпорынның табиғат қорғау қызметі саласындағы өзге нормативтік талаптарын бұзу деректері тікелген жоқ (Солтүстік Қазақстан облысы ЭД РМБ тарапынан «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на бір жоспарлы тексеру жүргізілді). Айыппұлдардың жалпы сомасы 2014 жылмен салыстырғанда 85%-ға төмендеп, 424 мың теңгені құрады.

**СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ**

Су ресурстарын қолдану кәсіпорындардың өндірістік үдерістерінің негізгі бөлігі болып табылады және қондырғыларды салқындату үдерісінде маңызды роль ойнайды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ықпал ететін негізгі су нысандары Солтүстік Қазақстан облысындағы (Петропавл қаласы) Ишим өзені мен Большое Белое көлі болып табылады.

Кәсіпорын үздіксіз жұмыс жасаған уақытта қоршаған ортаға тигізілетін зиянды азайтуды қамтамасыз ету үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ зертханасында судың гидрохимиялық көрсеткіштеріне және су нысандарына өндірістік мониторинг ұйымдастырылды. Судағы тиісті лаस्ताушы заттарды бақылау Ишим өзені, Большое Белое

көлі су нысандары үшін судың гидрохимиялық көрсеткіш ерекшеліктерімен, олардың маусымдық және жыл ішіндегі өзгерістерімен, сондай-ақ, жабық су қоймасы (салқындатқыш) жағдайындағы сапалық және сандық көрсеткіштерді қалыптастыру сипатымен негізделген.

Су қолдануды басқарудың негізгі мақсаты – суды тиімді пайдалану, ол қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетеді. Кәсіпорында ауыз сумен қамту, ағын және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі. Өндірістік сумен қамту жүйесі – айналымды.

2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сумен қамту мақсатында 13 591 мың м<sup>3</sup> су қолданды.

**Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м<sup>3</sup>**

Көрсеткіш	2014	2015	2016
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	11 690,468	11 158,997	13 591,0
Беткі су нысандарынан	11 561,703	11 032,316	13 462,6
Сыртқы жеткізушілерден	128,765	126,681	128,4
Жерасты су нысандарынан	-	-	-
Айналымды сумен қамту жүйелерінен	0	0	0
Суды қайталама қолдану жүйесінен	0	0	2 418,6

**Ағын су әкету көлемі, мың м<sup>3</sup>**

Көрсеткіш	2014	2015	2016
Пайда болған барлық ағын су	128,765	126,681	128,4
Сыртқы ұйымдармен әкетілді	128,765	126,681	128,4

2016 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы, қайтадан қолданылатын сумен қамту айналымды жүйесін, су ресурстарының ластануы мен аяқталуын болдырмайтын жүйені жаңғырту;
- судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг.

Биоөртүрлілікке жылу-электр стансаларының гидротехникалық құрылғылары ерекше ықпал етеді:

- су алу орындарында гидробионттардың жаппай өлімі тәуекелі туындайды. Аталған тәуекелді төмендету мақсатында су қоршауларын балық қорғау құрылғыларымен жабдықтау және олардың өмір сүруін бақылау бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда;
- «Рубеж-45» маркалы үнемі қалқып тұратын бонды қоршауларды тазалау жүргізілді.

**ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ**

Барлық қалдық көлемінің 99% құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа орынды құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларын сақтау қоршаған ортаны өндірістің күл-қож қалдықтарымен ластануын болдырмайды және ЖЭО қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Компания өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болатын басқа қалдық түрлері өз қызметін республика территориясында жүзеге асыратын арнаулы ұйымдарға қайта өңдеуге, жоюға және соңғы орналастыруға беріледі. Жер қыртысын өндірістік қалдықтардан қорғау бойынша ең маңызды шаралардың бірі – қалдықтарды уақытша сақтау және жою талаптарын сақтау болып табылады.

Кәсіпорында 2016 жылы қалыптасқан қалдық көлемі – 1 135 451,092 тонна, оның ішінде күл-қож

қалдықтары - 1 134 195,800 тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар - 1 255,292 тонна. 2015 жылмен салыстырғанда қалыптасқан қалдықтар көлемінің 105 231,592 тоннаға өсуі қауіптің «жасыл» тізіміне жататын күл-қож қалдықтары үлесінің өсуімен байланысты. Ол бірінші кезекте «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ отын балансындағы көмір шығыны үлесінің артуынан туындаған.

2016 жылы атқарылған қалдықтармен жұмыс бойынша ең айтулы шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдық орналастыру нысандарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған:

- №3 күл үйіндісін рекультивациялау («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ);
- энергоньсандарды қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жасақтау, контейнерлерді орнату).

**Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна**

Көрсеткіш	2014	2015	2016
Күл-қож қалдықтары	1 022 074,027	1 028 964,208	1 134 195,800
Қалдықтардың өзге түрлері	2 941,842	6 685,315	1 255,292

**Қауіптілік деңгейіне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна**

Көрсеткіш	2014	2015	2016
Қалыптасқан қалдықтар:	1 025 015,869	1 035 649,523	1 135 451,092
Жасыл тізім	1 025 005,363	1 035 635,746	1 135 415,684
Янтарь тізім	10,506	13,777	35,408
Қызыл тізім	-	-	-

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында алғашқылардың бірі болып ISO 14001 сериялы халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестік сертификатын алды.

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертификатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ

ҚР экологиялық талаптарына сәйкес болу мақсатында 2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің («СҚО бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» МБ, «ҚРЭК СҚО және ҚР ЭМ ГИНК бойынша Экология департаменті» РМБ қатысуымен келесі экологиялық жобалар бойынша екі қоғамдық тыңдау өткізді:

1. «Петропавл қаласы, Я.Гашек көшесі, 28-үй мекен-жайы бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО ТА 6,7 БББШ құрылысы» жұмыстық жобасына ҚОЫБ жобасы;
2. «Петропавл қаласы, Я.Гашек көшесі, 28-үй мекен-жайы бойынша №5 турбоагрегатты ауыстырумен Петропавл 2-ЖЭО қайта құру» жұмыстық жобасына ҚОЫБ жобасы.

Қоғамдық тыңдаулардың негізгі міндеті жоғарыда аталған жобаларды жүзеге асыру кезінде қоршаған ортаға ықпал етуді бағалауды анықтау, қоршаған және әлеуметтік-экономикалық ортаға болуы мүмкін салдарларды бағалау, қайта құру және құрылыс бойынша жұмыстар жүргізу кезінде қоршаған ортаға бөлінетін эмиссия нормативтерін әзірлеу болып табылады. Қоршаған ортаға ықпал ету көздері, жұмыс жүргізу кезінде ластаушы заттар шығарылуының көлемі, өндіріс қалдықтарының қалыптасу көлемі тереңірек қарастырылды. Тыңдауға қатысушылар талқысына барлық жоспарланған жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаға негативті ықпал ету төмендетілетін қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар шаралар ұсынылды.

### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша 2016 жылы сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Қызметкерлер саны
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	848
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	1 229
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	280
«Севказэнергосбыт» ЖШС	224
<b>Барлығы:</b>	<b>2 581</b>

## КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.


Қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру.

Компания қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің сандық құрамы 2016 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 2 581 адамды құрады, қызметкерлер санының 2015 жылмен салыстырғанда 0,2% азаюы кәсіпорынның сандық құрамын оңтайландыру шараларымен байланысты. 2015 жылы қызметкерлер санының 2014 жылмен салыстырғанда 0,2% артуы тұрақсыздықтың азайып, өндірістік қызметкерлер бос орындарының толуымен байланысты.

Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам





**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ**

Компания қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 65,1% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен

«жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 74,0% пайызын ерлер құрайды.

«Басшылар» санатындағы қызметкерлердің үлесі 2015 жылы қызметкерлердің барлық санының 14,3% құрады, бұл оңтайлы көрсеткіш болып табылады.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша 2016 жылы сандық құрамның бөлінісі**

Қызметкерлер санаты	Олардың ішінде:		ерлер		әйелдер	
	Саны, адам	%	Саны, адам	%	Саны, адам	%
Саны	2 581	100,0	1 679	65,1	902	34,9
Басшылар	369	14,3	268	72,6	101	27,4
Мамандар/қызметкерлер	698	27,0	290	41,5	408	58,5
Жұмысшылар	1 514	58,7	1 121	74,0	393	26,0

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ**

Компания қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 58,2% құрайды. 60 жастан асқан қызметкерлер үлесі – 4,2%.


Қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру аясында Компанияда кәсіби білім мен білікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, ұстап қалу, сапалы жоспарлау және жас мамандардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар қолға алынған.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ**


Жалпы Компания бойынша 2016 жылы жоғары білімді қызметкерлердің үлесі барлық қызметкерлердің 28,7% құрады: 2014 жылмен салыстырғанда өсім 1,5% құраса, бұл Компания қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру бойынша шараларды (ақы төленетін оқу демалысын, оқу ақысын төлеуге пайызсыз несие, Петропавл қаласынан тыс жерде білім алатындарға екі жаққа жол ақысын өтеу, оқу орнын жақсы аяқтағаны үшін бонус беру) жүзеге асырумен байланысты.

2016 жылы сырттай оқу формасында 12 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 8 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 26 қызметкер техникалық/кәсіби білім алды. 56 жұмысшы ЖОО-нда энергетика профилі бойынша білім алуды жалғастырып жатса, 55 жұмысшы техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында оқуда.

Жұмысшылардың жас құрамы




Қызметкерлердің білім бойынша құрылымы



**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

Компанияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:



Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Компания кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

Атауы	2014	2015	2016
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	1 537	2 001	1 477
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	1 162	1 392	1 026
Аралас мамандықтарды оқыту	250	288	332
ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	17	2	6
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	1	2	0
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	107	317	113

2016 жылы барлық қызметкерлердің 57,2%-ын құрайтын 1 477 адам оқытудан өтсе, оның ішінде 39,7% құрайтын 1 026 өндіріс саласының адамы міндетті оқудан өтті.

Компания қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 332 адам оқытылды.


- Компания есебінен оқыту, біліктілік көтеру және корпоративтік тренингтер ұйымдастыру;
- Әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру: корпоративтік балабақша мен шағын отбасылық жатақхананы ашу;
- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру.

**ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ**

2016 жылы тұтас компания бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығы 6,5% құрап, 2015 жылмен салыстырғанда 0,2% төмендеді. Бұл көрсеткіштің жақсаруына Компанияда жүзеге асырылатын келесі шаралар ықпал етті:

- Еңбекақы деңгейін жыл сайын дифференциалды түрде көтеру;
- Тәлімгерлік институтын және жас мамандарды қолдау жүйесін дамыту;

Тұрақсыздық коэффициенті







## КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2016 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда 228 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан. Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. Сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. 2016 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 12-сі басқарушылық қызметке ауыстырылды. Компанияда сыртқы резервті қалыптастыру, оның ішінде оқу орындары түлектерінен құралған резервті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ

PROFENERGY жобасы аясында 2016 жылы жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін дамыту және арттыру бағдарламасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында келесі шаралар жүзеге асырылды:

1. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атаулы корпоративтік стипендиясын алуға ғылыми жұмыстар конкурсы ұйымдастырылып және өткізіліп, оған энергетика профилі бойынша білім алатын, оқу үлгерімі жоғары 8 студент қатысты. Екі үздік ғылыми жұмыс авторы анықталып, оларға оқуы аяқталғанша дейін берілетін «Петропавл жылу желілері» ЖШС және «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ атаулы стипендиялары ұсынылып, Компанияға жұмысқа орналасатындарына кепілдік берілді.
2. Жазғы каникул уақытына 11 студент жұмысқа орналастырылды.
3. 156 студентке кәсіби тәжірибе ұйымдастырылып, олардың 22-сі ақы төленетін тәжірибеге қабылданды.
4. Компания қызметкерлері бітіру емтихандарын қабылдау және диплом жобаларын қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысына қатысты.
5. Компанияның өндірістік нысандарында 2016 жылы 35 экскурсия өткізілді.

Компания кәсіпорындарында 86 жас маман еңбекпен қамтылса, колледж және ЖОО түлектері болып табылатын 39 адам жұмысқа қабылданды.



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҰНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ


Компаниядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты – Компанияның өз міндеті мен бизнес-мақсаттарына аз шығынмен қол жеткізуіне жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары бойынша 2016 жылғы орташа табыс 2015 жылмен салыстырғанда 7,4%-ға артса, 2014 жылмен салыстырғанда 14,9%-ға көбейді.

2016 жылы Еңбекті төлеудің бірыңғай жүйесіне көшу жүзеге асырылды, оның мақсаты – ішкі және сыртқы факторларды есепке алып, материалдық ынталандыру жүйесін құру болып табылады, оның ішінде өндірістік процеске қатысты сипаты бойынша еңбекті төлеуді бөлу, әлеуметтік факторлар мен қатысу аймағы бойынша еңбек нарығын талдау қарастырылған.

Еңбекті төлеудің жаңа жүйесі қызметкерді еңбек өнімділігін, біліктілігі мен кәсіби қызметін атқаруға компетенттілігін арттыруға ынталандыру мақсатымен қызметкерге еңбекақы деңгейін жұмыс орнының қиындығы мен кәсіби және жеке компетенцияларының деңгейіне байланысты белгілеу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыруды көздейді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі



### МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Компанияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2016 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін 42 қызметкер корпоративтік наградалармен, 9 қызметкер мен ардагер мемлекеттік наградалармен, 1 қызметкер ТМД Электроэнергетикалық Кеңес наградасымен, 6 қызметкер Қазақстан энергетикалық қауымдастығының наградасымен марапатталды.

### КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындарында 2014-2016 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасалған. Жыл қорытындысында ұжымдық шарт бойынша тараптар келісімінің орындалуына талдау жасалды. 2017-2019 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жобасы жасалған.

Келісімшарт жасаудың басты мақсаты – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы жұмысының тиімділігін арттыру, өндірістік-экономикалық қызмет нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, шартта қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер, өтемақылар және жеңілдіктерді беру есебінен жұмысшыларды ынталандыру және еңбек өнімділігін арттыру өсімін қамтамасыз ету болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының кәсіподақ ұйымдары жұмыс берушілермен бірге кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыру, еңбек және өндіріс тәртібін күшейту, орындалатын жұмыс престиждігі мен жұмысшылардың кәсіби мақтаныш сезімін ұстап тұру шараларын жүзеге асырады.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы жұмыс берушіге мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыстар өткізу мен жұмысшылар балаларының жазғы демалысын қамтамасыз етуге, сауықтыру шараларын жүзеге асыруға көмектеседі, жұмысшыларға, олардың отбасы мүшелеріне, жұмыс істемейтін ардагерлерге әлеуметтік материалдық көмек көрсетеді, жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, еңбекті қорғауға бөлінетін ақша қаражатын мақсатты пайдалануға бақылау жасайды, өндірістегі қайғылы оқиғаларды зерттеуге және айыптылардың кінә деңгейін белгілеуге қатысады және тағы басқа шараларды атқарады.

Атауы	2014	2015	2016
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	1 844	1 822	1 829
Барлық қызметкерлер ішінегі үлесі, %	71,5	70,5	70,9



**ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Компания еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

2016 жылғы желтоқсанда әлеуметтік саясатты жүзеге асыру аясында Компания мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің арқасында Компания қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған отбасылық типтегі 90 пәтерлік корпоративтік жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі болды.

2016 жылғы желтоқсанда Петропавл қаласында қызметкерлер мен қала тұрғындарының балаларына арналып мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған 320 орындық «Алақай» балабақшасы 1 жасын атап өтті.



Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерді зақмерзімдік қызметке ынталандыру	5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары. Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар.
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер. Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері. 14 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру. Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар.
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	Жұмысшыларды өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру. Міндетті медициналық сақтандыру. Тұрақты медициналық тексерулерден өту. Ауыр сырқаттардан ем алуға материалдық көмек.
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	Бала дүниеге келгенде материалдық көмек. Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек. Көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға материалдық көмек. Ақы төленетін әлеуметтік демалыс. Зейнетке шыққанда сыйақы беру. ҰОС, еңбек және кәсіпорын ардагерлерін қолдау бағдарламасы.
